Формирование и развитие кросс-культурной компетенции имеет важное значение в системе иноязычного образования, особенно в процессе профессиональной подготовки педагога. Учитель должен быть готов к решению неотложных учебных задач, всегда связанных с необходимостью обучения и воспитания учащихся. Студенты могут быть из разных этнических и социальных групп с разными культурными ценностями, традициями и образом жизни. Соответственно, система образования должна в первую очередь укреплять межкультурные связи и согласие в Казахстане, что влечет за собой изменение требований к современным выпускникам высших учебных заведений с высоким уровнем компетентности в сфере межкультурных отношений.

В связи с этим целью данного исследования является выявление педагогических условий формирования кросс-культурной компетентности будущих учителей начальных классов, способных к пониманию и принятию ценностей, обладающих развитым межкультурным самосознанием, способных к кросс-культурному взаимодействию.

**Ключевые слова:** кросс-культурная компетентность, учитель начальных классов, педагогическое образование, профессиональное развитие, информационные технологии.



## ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Әбжекенова Б.Ғ.**, педагогика ғылымдарының магистрі  
**Сардарова Э.А.**, докторант  
**Шукенова Қ.С.**, педагогика ғылымдарының магистрі

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Бұл мақала жалпы білім беру мекемелерінде ағылшын тілін оқыту барысында оқу кабинеттерінің ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен (АКТ) жабдықталуының маңызы мен артықшылықтарын қарастыруға бағытталған. Білім беру үдерісінде әрбір ұсынылған әдістеме маңызды қызмет атқарады. Осы кезекте біздің ұсынып отырған зерттеу жұмысымыз өзекті болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысымызда жалпы білім беру мекемелерінде қарастырылатын ережелер мен жалпы қабылданған оқу стандарттарына мән беруге тырыстық. Сондай-ақ, әлемдік ақпарат көздерінен осы бағытта жазылған еңбектерге шолу жасаумен қатар отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық. Мақала жазу барысында сандық және сапалық әдістер қолданылды. Қарастырылған әдістерді пайдалану арқылы талдау жүргізіліп, нәтижесінде маңызды мәліметтерді көрсетуге тырыстық. Зерттеуде негізгі екі мақсат көзделген: а) әлеуметтік-экономикалық даму кезінде жоғарғы игерілген технологияларды пайдаланудың тиімділігін ұсыну; б) АКТ-ны қолдану арқылы болатын оқушылардың мүмкіндіктерін көрсету;

Жоғарыда көрсетілген екі негізгі мақсатты ескере отырып, зерттеу аясында ұтымды нәтижелерге жеттік. Осы туындаған зерттеу мақсаттарын қарастыру – жалпы білім беру мекемелерінің ағылшын тілі мұғалімдерінің АКТ-ны қолдану жайында туындайтын мәселелерінің шешімі.

**Тірек сөздер:** ақпараттық-коммуникативтік технология, ағылшын тілі, оқыту, оқу кабинеті, тиімділік.

**Кіріспе.** Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өркендеу дәуірінде бәсекеге қабілетті, желдей жүйіткіген уақыт ағымына ілесуді бағыт еткен, білімді, озық технологияларды игеруде икемді болудың маңызы ерекше. Оның ішінде тілдік құзыреттіліктерге ие болып, тілдік тәуелсіздікке ұмтылу, яғни түрлі тілдерді меңгеріп, ақпарат көкжиегін кеңейтуде әлемдік ақпараттарға қол жеткізуді бағдарлау өзекті. Осы кезекте, білім беру үдерісінде мектеп оқушыларына ағылшын тілін оқыту сапасын арттыру қажеттіліктері туындап отыр. Өз кезегінде ағылшын тілін меңгерудің көптеген артықшылықтары бар деп айтсақ қателеспейміз. Яғни, оқушылар ағылшын тілін меңгеру арқылы көптеген жетістіктерге жете алады. Атап айтар болсақ, ағылшын тілін меңгеру арқылы оқушылар озық технологияларды еркін игере алады, әлемдік ақпарат көздерінен кең ауқымды мәлімет алу мүмкіндігіне ие болады т.с.с. Яғни осы сынды айқын жетістіктерге жетудің алғашқы қадамы шетел тілін меңгеруден басталады. Сондықтан, оқу үдерісінде мұғалімдер озық технологияларды пайдалана отырып, тілді жан-жақты игеруіне жағдай жасап, түрлі сынтұрғысынан ойлау және шығармашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылықтарын оятуы маңызды болып саналады. Осы ретте, Ұлыбританияның ұлы саясаткері Фрэнк Смит былай дейді: «Бір тіл адам баласын өмір дәлізіне шығарса, басқа тілдерді білу сол дәліздегі есіктерді айқара ашады» [1]. Яғни, шет тілін меңгерудің ерекшелігі мен мол мүмкіндіктері бар екені сөзсіз. Оқушыларға сапалы білім беруді дамыту үшін олардың білім алатын оқу кабинеттерінің ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жабдықталуының әсері ерекше.

Осы ретте, біздің зерттеп отырған тақырыбымыздың негізгі мақсаты – оқушылардың тұрақты дамуына әсер ететін әрбір тетікке мән беру. Яғни, оқу сапасын арттыруға әсер ететін АКТ-ны қолданудың маңыздылығын зерттеп, нәтижелерін ұсыну. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны ағылшын тілін оқытуда пайдаланудың тиімді



жақтарын баяндау. Ал, бұл – әдеттегі оқу кабинеттерінің жабдықталуымен қатар, оқушылардың оқу үдерісінде пайдалануы қажет деген әрбір дүниені тұрақты заман талабына сай жаңартып отыруды міндеттейді. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі аспектісі – оқушылардың оқу кабинеттерінің жабдықталуында АКТ-ны қолдануды қолжетімді ету, оған қажет қадамдарды атап өту және оқушылардың тілдік дағдыларды қалыптастыруда тигізетін әсерін нақты дәлелдермен ұсыну болып табылады.

Жалпы, зерттеу жұмысымызда негізгі құрамы «Ақпараттық-коммуникативтік технология дегеніміз не?» – деген сұрақтың мазмұнын ашып айтсақ. Ақпараттық-коммуникативтік технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Яғни, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік білім беру процесін жеделдететін әрі оңтайландыратын бірден-бір жол. «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар – мұғалімнің мүмкіндігін жоғарылататын құрал. Компьютердің мүмкіндіктерін психологиялық және дидактикалық тұрғыда талдай отырып, өз кезегінде оқу үдерісін ұйымдастырукезінде педагогикалық талаптарға сай қолдану, ішкі тиімділігіне көңіл бөлу мұғалімнің шеберлігі болып табылады» [2]. Ал, оқу кабинеттерін АКТ-мен жабдықтау заман талабына ілесіп, заманауи дағдыларды жетілдіруді көздейді. АКТ-мен жабдықталған оқу кабинеттерінде интерактивті тақта, компьютер, видеобағдарламалар көрсетуге арналған жабдықтар, дыбыстық құрылғылар, электронды оқу құралдары, планшеттер болу керек деп санаймыз. Себебі, озық технологияларды пайдалану оқу үдерісін жеделдетіп, оқушылардың оқуға ынтасын арттырады. Атап өтетін жәйт, тіл үйрену процесі көп қырлы, осы кезекте оқушыларға ағылшын тілін меңгеруге озық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Мысалы: оқу кабинеттерінде дыбыстық құрылғылардың болуы оқушылардың тыңдау дағдысын қалыптастыруда септігін тигізеді. Себебі, қазіргі оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылып отырған заманауи әдіс-тәсілдерді қамтитын оқу құралдары толығымен АКТ-ны қолдануға бейімделген. Яғни, QR-кодтар арқылы бейнематериалдар, аудиоматериалдар оқулық беттерінде ұсынылған, ал бұл материалды оқушы игере алуы үшін смарт (SMART) құрылғылардың қажеттілігі зор. Сондай-ақ, әрбір мұғалім оқу үдерісінің белсенді әрі оқушыларға тиімді болғанын қалайды. Осы ретте, түрлі презентациялар жасап, оқу үдерісіне жаңа технологияларға бағытталған әдіс-тәсілдермен ойындар ұсынуды мақсат етеді. Ал, осындай жағдайларда оқу кабинеттерінің АКТ-мен жабдықталуы үлкен септігін тигізеді.

Дин Хендерсонның зерттеуі бойынша АКТ-ны қолданудың (Кесте 1) төмендегідей артықшылықтары бар [3]:

Бұл ретте, АҚШ-ның Вашингтон аумағына тиесілі Интернет желісіне негізделген білім беру комиссиясының зерттеушілері мынадай мәліметті келтіреді «АКТ-ны қолдану – қажетті мәліметті қажетті жерде, қалаған уақытта пайдаланушының игеруінің заманауи технологиялық түрі болып табылады. Бұрынғы уақытта ақпарат алу үшін газет журналдарды күту қажеттілігі болған. Қазіргі жеделдетілген технологиялық жетістіктер - кез-келген ақпараттарды қалаған орында смарт құрылғылар (гаджет, смартфон) арқылы қолжетімді етуде» [4]. Яғни бұл жоғарғы технологиялық көрсеткіштер қазіргі таңда білім беру сапасын арттыруда да маңызы зор.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді толықтыру үшін шет тілін оқыту кабинеттеріне арналған жабдықтау нұсқаулығы бойынша ақпараттарды атап өткіміз келеді. Оқу кабинеттерінің жабдықталуы бойынша берілген нұсқаулықта шет тілін оқыту кабинеттерінің жабдықталуын былай көрсеткен: «Шет тілін оқытуға арналған кабинеттер оқытушылар үшін басқару пульті мен проекциялық аппараттарға арналған тумбасы бар столдармен, магнитофон мен күйсандықты орнатуға арналған орындармен, көрнекті құралдар мен техникалық оқу құралдарын, лингафондық құрылымдарды сақтауға

арналған секциялық (қабырғамен бірге жасалған немесе қабырғаға жапсыра салынған) шкафтармен жабдықталады» [5].

### 1-кесте – Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану артықшылықтары



Демек, білім беру мекемелерінде стандарттық нұсқаулыққа сай тіл үйретуші мұғалімге арналған жоғарыдағыдай құралдар қолжетімді болуы қажет. Яғни, осы құралдардың тілдік дағдыларды игеруде атқаратын айқын рөлі бар. Себебі, ағылшын тілін оқыту барысы төрт негізгі дағдыны меңгеруге бағытталған. Олар: айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым. Осы ретте осы дағдыларды дамытуда мұғалім негізгі құрал ретінде АКТ-ны алады. Яғни, түрлі презентациялар жасау арқылы оқушылардың толық сабақты меңгеріп шыға алатындай әдіснамалық негіз жасап шығады. АКТ-ның оқу кабинеттерінде болуы мұғалімнің шығармашылық қабілетін одан әрі шыңдайтын бірден – бір көрсеткіш. Себебі, қазір түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған сайттар, бағдарламалар және оқу үдерісіне бағытталған ойындар бар, ал осы материалдарды мұғалім еркін игере алу үшін АКТ-ны қолданудың қажеттілігі жоғары. Осы орайда зерттеуші Боб Керри «Білім беруде АКТ-ны пайдалану оқудың тиімділігін арттырумен қатар, оқуға құндылық қосады. Ол оқуға бұрын қол жетімді емес өлшем қосты. Яғни оқушыларға жоғары ақпараттық-технологиялар арқылы оқу сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Мектептерде АКТ пайда болғаннан кейін студенттер дәстүрлі сынып ортасына қарағанда технология дамыған ортаны оқу үдерісін оңтайландырушы және пайдалы деп тапты» деп ойын жеткізген [6]. Бұл дегеніміз оқушыларда АКТ-ны қолдануға қолайлы оқу ортасын таңдайтынын көрсетеді. Осылайша, бұл мақаланың жазудағы мақсатымыз АКТ-ны қолдану сапасын арттыру, пайдалану аясын кеңейту, мейлінше әрбір оқу кабинеттерінің жабдықталуына жағдай жасалуы. Себебі, қазір оқушыларды бірсарынды оқу үдерісімен оқыту тиімсіз, керісінше оқу сапасын төменге құлдыратады. Осы тұрғыда зерттеушілер Г.Ризаходжаева мен И.Оразәлі «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде ағылшын тілін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану оқу үдерісін сапалы жаңа деңгейге көтеретінін айқын атап өтіп, зерттеулері негізінде негізгі АКТ-ны қолданудың 4 тармағын көрсеткен. Яғни мұғалімнің жұмысында АКТ-ны қолдану студенттерге төмендегідей мүмкіндік береді:

- шет тілін үйренуге тұрақты мотивацияны қалыптастыру және қолдау;
- оқу процесінің қарқындылығын арттыру;
- білім сапасын бақылауды жақсарту;
- мектеп оқушылары мен студенттердің ой-өрісін кеңейту [7].

Яғни, жоғарыда көрсетілген АКТ-ны қолдану мүмкіндіктерін игере алу үшін оқу кабинеттерінің жабдықталуы да айрықша рөл атқарады. Сондықтан зерттеуіміздің әдістемелік бөлімінде АКТ-мен жабдықталған оқу кабинеттерінің беретін нәтижелерін зерттеп, алынған нәтижелері қорытынды бөлім ретінде ұсынатын боламыз.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Зерттеу барысында төмендегі әдістерді қолдандық. Біріншіден, анализ және синтез зерттеу әдістері, яғни тақырып аясында кездескен мәліметтерді саралап, негізгі және өзектілерін ұсынуға осы әдістерді пайдаландық. Сондай-ақ, кейс-стади әдісін қолдану арқылы тақырыпқа бағытталған салыстыру жұмыстарын жасадық және бақылау әдісін қолдану арқылы мұғалімдердің ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыру кезінде тілдік дағдыларды жетілдіруге бағытталған ойындар, смарт бағдарламалар және интерактивті тақталардың бағдарламалық түрлерін бақыладық. Яғни, зерттеу барысында жүргізілген жұмыстың артықшылықтары мен жаңашыл тұстарын сараптап, нәтижелерін ұсыну үшін осы әдісті пайдалануымыздың әсері мол болды.

**Нәтижелер/талқылау:** Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша көптеген ғалымдар өзінің зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті нәтижелерге қол жеткізген. Солардың бірінде ғалым Баланскат АКТ-ны оқу үдерісінде қолданудың негізін осылай сипаттайды «Ағылшын тілі сабағын өткізу барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы мұғалімдер де, оқушылар да 21 ғасырға қажетті дағдыларды дамыта алады. Сондай-ақ, осының негізінде оқушылар өздерінің тілдік дағдыларды қалыптастырудағы әлсіз тұстарын жетілдіре алады. Өз кезегінде оқушылар болашақта табысты болу үшін қажетті дағдыларды ала алады. Заманауи оқыту – бұл басқалармен бірлесіп жұмыс істеу, күрделі мәселелерді шешу, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас пен көшбасшылық дағдылардың әртүрлі формаларын дамыту, мотивация мен өнімділікті арттыру» [8].

Ғалым Рон Оливердің пікірінше «Ақпараттық технологиялық сабаққа кіріктірілсе, оқушылардың өздері оқып жатқан пәндерге деген қызығушылығы артады» [9].

Зерттеуші Дилектің пікірінше, «Сөзсіз, АКТ-ны қолдану ағылшын тілін оқытуды жақсартатын құнды және инновациялық белсенді оқыту құралы болып табылады. АКТ-ның қазіргі әлеуеті мен қарқынды дамуы, өз кезегінде, тілді оқыту үдерісінің барлық аспектілеріне әсер етті. Технологияны қолдану ағылшын тілін оқыту мен үйренуге оң әсер тигізеді» [10].

Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерде ұсынылған АКТ-ны қолдану тиімділіктерінің нақтылығын байқау мақсатында біз кейс-стади зерттеу әдісі арқылы жалпы білім беретін мектептердегі АКТ-мен жабдықталған оқу кабинеті мен АКТ қолжетімсіз оқу кабинеттердің артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеп көрдік. Яғни, бұл жұмысты жүргізуіміздің мақсаты - оқушылар АКТ-мен жабдықталған оқу кабинетінде ағылшын тілін оқитын болса қандай мүмкіншіліктерге ие болады? Тиісінше, АКТ-мен жабдықталмаған оқу кабинетінде білім алатын болса қандай кедергілерге кездеседі? Осы сынды сұрақтарға жауап алу үшін біз зерттеуімізді 2022-2023 оқу жылының үшінші оқу тоқсанында Қызылорда облысындағы Сырдария аудандық Бесарық ауылына қарасты №147 орта мектебінде жүргізіп көрдік. Зерттеу барысы төмендегідей болды.

Зерттеуімізді жүргізу үшін бізге екі түрлі оқу кабинетінде оқитын екі сыныптың ағылшын тілі сабақтарына қатысу қажеттілігі болды. Нәтижесінде, бірінші ағылшын тілін жоғары ақпараттық технологиямен жабдықталған лингафондық оқу кабинетінде сабақ жүргізетін мұғалімнің сабағына қатыстық. Осы ретте, сабақ барысында АКТ-ны қолданудың негізгі ерекшеліктері ментимділіктерін бақылауды басты назарға алдық.

Сабаққа қатысу барысында біздің негізгі екі мақсатымыз болды: Ағылшын тілін оқытуда мұғалімдердің АКТ құралдарына бағытталған бағдарламаларды қолдану құзыреттілігі; Тілдік құзыреттіліктерді игертуде қолданылатын АКТ құралдарына бағытталған бағдарламалар түрлерін қарастыруды бақылау;

Сабақ 7-сыныпқа «Naturaldisasters» тарауы бойынша өткізілді. Сабақты бастамас бұрын мұғалім оқушыларды арнайы топқа бөлу үшін [www.flippity.net](http://www.flippity.net) бағдарламасын қолдану арқылы топқа бөлді. Топқа бөлу үшін осы бағдарлама ішінде табиғи өзгерістерге қатысты атауларды жазып, оқушылар тақырыпқа қатысты атауларды таңдай отырып бөлді. Бұл оқушылардың сабақтың басталу кезінде қызығушылығын ояту әсерін тигізе алды. Сабақ барысында мұғалім интерактивті тақтаны қолдану арқылы оқушыларға сабақ түсіндірді. Яғни, арнайы бағдарламалық жүйеге негізделген интерактивті тақталармен

сабақ жүргізді. Олар: “[www.explaineverything.com](http://www.explaineverything.com), [www.vucac.com](http://www.vucac.com)”. Бұл тақталар мұғалімге сабақ барысында ұсынатын материалдарын “ақыл - ой” картасында бейнелеп беруге және көптеген материалдарды шоғырландыруға мүмкіндік береді. Қолданылған интерактивті бағдарламалық тақталар оқушылардың ағылшын тілін меңгеруіне жоғары деңгейде әсерін тигізеді. Осы ретте интерактивті тақтаның анықтамасын ұсынсақ. Гарэт Девидтің зерттеуі бойынша «Интерактивті тақта – оқу материалдарына негізделген түпнұсқа материалдарды бір уақытта шоғырландыруға негізделген, мотивациялық құрал ретінде әрекет етуші болып табылады. Бұл мұғалімге бейне, аудио және жиынтық ақапараттарға материалдарды ұсынуға негізделген» [11]. Яғни, интерактивті тақтаны қолдану цифрлық даму кезеңіндегі оқу сапасын арттыруға арналған тиімді құрал. Себебі, мұғалім тек презентация арқылы сабақ жүргізуден гөрі арнайы функциялары бар тақтаны қолданады. Нәтижесінде мұғалім жаңа тақырып бойынша берілетін сөздерді түсіндіру үшін интерактивті тақтаны қолдану арқылы жаңа сөздерді суреттерімен ұсынып, оқушылардың визуалдық есте сақтау қабілетіне әсер ете алды. Оқылым бағыты бойынша мұғалім оқушыларға мәтін ұсынып, мәтіндерді талдауға бағытталған тесттерді арнайы [www.socrative.com.](http://www.socrative.com), [www.kahoot.com.](http://www.kahoot.com), [www.quizizz.com.](http://www.quizizz.com) бағдарламалар арқылы ұсынып мәтінді оқымас бұрын, мәтінді оқу барысында және мәтінді оқып болғаннан кейінгі жаттығу жұмыстарына қолданып отырды. Бұл дегеніміз оқушылардың бір мәтін аясында бір сарынды емес жан-жақты оқушылардың қызығушылығын арттыруға жұмыс жасалғандығын көрсетті. Сондай-ақ, жаңа сөздерді оқушылар дұрыс айта алу үшін дыбыстық құрылғыны пайдалану арқылы оқулықпен бірге берілетін CD–дан сөздердің дұрыс айтылу нұсқасын тыңдатты. Және жаңа сөздерді қайталау мақсатында онлайн платформада ұсынылатын [www.englishworksheets.com](http://www.englishworksheets.com) қосымшасы арқылы жаңа сөздерге қатысты сөйлемдер, талдау мәтіндерін және анықтамаларға қатысты сәйкестендіру жаттығуларын жинақтап сілтема арқылы оқушылардың телефондарына жіберу арқылы жұмыс жасады. Тиісінше оқушылардың сабақ барысында қызығушылығы артып, белсенді бола бастағаны байқалды. Сондай-ақ, тақырыпқа бағытталған видео материалдар көрсетіп, АКТ-ны қолдану арқылы оқу үдерісіндегі қолайлы орта қалыптастыра білді. Осы ретте біз кейс-стади зерттеу әдісі бойынша АКТ-ны қолдану арқылы және толығымен жабдықталған оқу кабинетінде ағылшын тілі сабақтарын өткізу арқылы мұғалімнің қол жеткізетін жетістіктері төмендегідей (1-сурет) болды.



**1-сурет – АКТ-ны қолдану арқылы мұғалімнің қол жеткізетін жетістіктері**

Тиісінше оқушылардың да оқу үдерісі кезінде қол жеткізетін мүмкіндіктері де анықталды (2-сурет). Яғни оқушылар АКТ – мен жабдықталған оқу кабинеттерінде оқу

арқылы төмендегідей белсенді, жоғарғы көрсеткішті тілдік құзыреттіліктерге ие бола алады.



**2-сурет – Оқушылардың АКТ–ны қолдану арқылы алатын мүмкіндіктері**

Тағы бір ескере кететін жағдай, бұл зерттеудің мақсаты АКТ-ны белсенді қолдануға шақыру және ағылшын тілін оқытуда заманауи құрылғылардыңкөмегімен оқу белсенділіктерін арттыруға бағыттау болып табылады. Яғни, мейлінше ақпараттық-технологияның қолжетімділігіне өту, тиісінінше заманауи оқуортасын қалыптастыруға мол мүмкіндік береді. Жоғарыдағы зерттеуімізге оралсақ,сабақ барысында мұғалім оқушыларды тек оқулықпен және жұмыс дәптерлерімен ғана жұмыс жасатуға көңіл бөле алды. Сабақ дәстүрлі типтегі форматта өткізілді. Оқу үдерісінде барлық екпін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне бағытталғандықтан, бұл оқу процесінде мұғалім түрлі әдістерді қолданып сабақты жүргізіп шыға алды.

Дегенмен, оқушылардың қызығушылық деңгейі салыстырмалы түрде алдыңғы топтан өте төмен болды. Осы орайда біз АКТ-сыз ағылшын тілі сабақтарын өткізудің кемшіліктерін атап өтсек (3-сурет).



**3-сурет – АКТ-сыз ағылшын тілі сабақтарын өткізудің кемшіліктері**

Жоғарыдағы мәліметтерге талдау жасайтын болсақ АКТ-ны қолдану аясы кең ақпарат көкжиегі болып табылады. БҰҰ-ның зерттеуі бойынша ХХІ ғасыр ақпараттық даму дәуірі, сондықтан да ақпараттық-технологияға қолжетімділік қашанда маңызды болып табылады. Бұл біз зерттеу жұмысы аясында ағылшын тілін үйрету үшін АКТ-ны қолданудың тиімді тұстары көп екенін дәлелдеуді жоспарладық. Нәтижесінде тиісті ақпараттарды жинай алдық.

Екі түрлі оқу ортасында білім беру үдерісін бақылаудағы мақсатымыз оқу сапасын арттыруға үстеме әсерін беретін цифрлық құзыреттіліктерді қолға алу жағдайын бақылау. Себебі, оқу барысында бірсарындылық оқушылардың тілге деген ізденістерімен, қызығушылықтарын баяулатады. Сол себепті, бұл зерттеудің мақсаты мұғалімнің цифрлық құзыреттіліктерін ашуға тікелей негіз бола алатын АКТ-мен жабдықталған оқу аудиторияларының болуының қажеттіліктерін қарастыру. Көріп отырғанымыздай мұғалімнің цифрлық құзыреттіліктеріне дамытумен қатар оны оқушылардың оқу сапасын көтеруге оқу үдерісі жүретін сыныптарда қатысты бола алады.

Мысалы: ағылшын тілі сабақтарында видео материалдарды ұсыну арқылы оқушылардың арасында талқылау жүргізу оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытып, сонымен қатар ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мүмкіндіктері. Сондай-ақ, АКТ-ны қолдануға бейімделген оқулықтарды игере алу үшін бұл бағыттағы қадамдар маңызды болып табылады. Мұғалім тарапынан АКТ-ны қолдануға деген ұмтылыс оқушылардың тіл үйрену процесін ілгерілетуші фактор болып табылады. Сол себепті, оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдануға үлкен мән беруіміз қажет.

Сонымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері оқыту үдерісінде АКТ-ны қолданудың тиімділігін зерттеу мақсатына сай дәлелденді. Дегенмен бұл тақырып аясында жан-жақты зерттеулер жүргізу алдағы уақыттарда өзекті болып қала бермек. Осы орайда біз сабақ барысында қолданылған АКТ-ға негізделген бағдарламалық қосымшалардың түсініктемесі мен қолданылу бағытын төмендегідей анықтамаларымен ұсынбақпыз.

Сабақ барысында қолданылған бағдарламалық қосымшалар:

Flippity – ([www.flippity.net](http://www.flippity.net)) – оқушыларды топқа бөлуге және сабақтың басталу кезіңде жаңа тақырып бойынша «Миға шабуыл» әдісімен сұрақтар қойып, түрлі ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру арқылы мұғалім ұсынған топтарға бөлінуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақталар – ( [www.explaineverything.com](http://www.explaineverything.com) ,[www.vucac.com](http://www.vucac.com) ) тақырып аясында жинақталған материалдарды бағдарламаның түрлі функциялары арқылы ұсынуға мүмкіндік береді.

Socrative – [www.socrative.com](http://www.socrative.com). тесттік бағдарламаға негізделген қосымша оқушыларға оқылым, тыңдалым жаттығуларын жасау кезінде түрлі жаттығулар жасап ұсынуға бағытталған және оқушылар қорытынды нәтижелерін көру арқылы қатемін жұмыс жасай алады.

Kahoot – [www.kahoot.com](http://www.kahoot.com). – ойын негізінде жұмыс жасауға арналған бағдарлама, мұғалімдер топпен және жұппен әрі жеке жұмыстар кезінде қолдана алады. Оқушылар басқа оқушылармен деңгейлеп жарыса алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттыруға тиімді әсерін береді.

Quizizz – [www.quizizz.com](http://www.quizizz.com). – тесттік тапсырмалар беруге арналған бағдарлама болып табылады. Оқушыларға барлық өткізілген сабақ бойынша кері байланыс бойынша тиім бағдарлама болып табылады.

Englishworksheets – [www.englishworksheets.com](http://www.englishworksheets.com) ағылшын тілінде жеке жауап парақтарын әзірлеуге тиімді бағдарламалық қосымша, бұл жүйені қолдану арқылы мұғалім өзінің өткізілетін тақырыптары арнайы жұмыс парақтарын даярлай алады.

**Қорытынды.** Жалпы орта білім беретін мектептерде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданудың алғышарттары ағылшын тілін оқытуда негізгі тетіктердің бірі болып табылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша әлемдік зерттеушілер мен отандық ақпарат көздеріндегі мәліметтерді саралап, тәжірибе жұмысын жүргізу бойынша төмендегідей нәтижелерді алдық:

Оқу кабинеттерінің жаңа АКТ-ны қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, жаңа ақпаратты талдау, жан-жақты ізденушілік қабілеттерін арттырады;

Оқушылардың сыни-тұрғыдан ойлау мүмкіншіліктерін арттырып ағылшын тіліндегі төрт дағдыны қатар игере алуына мүмкіндік береді;

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктеріне негізделген түрлі бағдарламаларды сабақ барысында қолдануға болады. Осы ретте біз жоғарыда қолданылған әдістерді оқу барысында тілдік дағдыларды жетілдіруді тиімді әдістер деп ұсына аламыз. Технология тіліне негізделген бұл бағдарламалық қосымшалар ағылшын тілін дамытуда оқушылардың бір сабақ аясында барлық дағдыларды игертуге икемді болып табылады.

Бір сыныпта түрлі қабілетті оқушылар болатыны белгілі, осы ретте АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация, видео, аудио материалдар ұсыну арқылы оқу ортасын ұйымдастыруға болады;

Смарт құрылғылар арқылы арнайы бағдарламалар арқылы тіл үйрену процесін түрлендіре алады;

Жоғарыда көрсетілген нәтижелерді ескере келе төмендегідей қорытындыларды ұсынамыз:

Мұғалімдердің ағылшын тілін оқытуда цифрлық бағдарламаларды қолдану аясын арттыру үшін алпы орта білім беретін мектептерде АКТ–мен қамтылған шетел тілін оқыту кабинеттерінің санын арттыру;

Оқулықтарда берілетін АКТ-ны қолдану арқылы игерілетін мәліметтерді алуғамүмкіншілігін жоғарлату;

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде тұрақты өнімділікке жетелейтін әрбір тетіктібағдарлау;

Қазіргі білім жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті білімді жастарды қалыптастыру. Осы кезекте оқу үдерісінде қабылданған шарттар заманауи, әлемдік аренада қауқарлы болуға жол ашады. Мектеп – үйретуші, қалыптастырушы орта, ал оның жүрегі – мұғалім екенін ескерсек. Оқу үдерісін оңтайландыру барысында жасалатын әрбір қадам маңызды деп санаймыз. Осы ретте білім беру үдерісіндегі оқу ортасына бағытталған ағылшын тілін оқыту кабинеттері соңғы әрі жаңа заманауи құрылғылармен жабдықтаулы дұрыс деп санаймыз.

### Әдебиеттер:

[1] **Сағындық, А.Қ.,** Аяпова.Т.Т. Шеттілдік білім берудегі құзыреттердің рөлі //Хабаршы ҚазҰУ. Педагогикалық серия, 2021. – Т. 68. – №. 3. – С. 40-47.

[2] **Жидекұлова, Г.Е.,** Садуақасова Н.С. Білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану //Механика и технологии, 2015. – №. 1. – Б. 87-94.

[3] **Henderson, D.** Benefits of ICT in Education //IDOSR Journal of Arts and Management, 2020. – Т. 5.– P.52,53.

[4] Web-Based Education Commission et al. The power of the Internet for learning: Moving from promise to practice //Retrieved August, 2000. – Т. 15. – С. 2001.

[5] **Неменко, Б.А.** Оқу кабинеттерінің жабдықталуы. [Электронный ресурс]. URL: [https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Оқу\\_кабинеттерінің\\_жабдықталуы](https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Оқу_кабинеттерінің_жабдықталуы). (қаралған күні: 05.04.2023)

[6] **Bob, K.** The Power of the Internet for learning: moving from promise to practice// – DIANE Publishing, 2000. – P.12.

[7] **Rizakhojayeva, G.A.,** Orazali I.Sh. Towards Encouraging Students' Public Speaking Skills:Action Research in English Language Teaching//Ясауи университетінің хабаршысы, 2022. – No1(123). –Б.71–80. URL: <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.06>

[8] **Balanskat, A.** The ICT Impact Report: A review of studies of ICT impact on schools in Europe, European School net URL: [http://insight.eun.org/shared/data/pdf/impact\\_study.Pdf](http://insight.eun.org/shared/data/pdf/impact_study.Pdf), 2006.

[9] **Oliver, R.** Developing e-learning environments that support knowledge construction in higher education. // International We – B Conference, 2001. – P.16.



[10] **Cakici, D.** The use of ICT in teaching English as a foreign language //Participatory educational research, 2016. – Т. 4. – №. 2. – С. 73-77.

[11] **Abdurahmonov, M.** et al. The role of ICT in EFL classroom //International Journal on Integrated Education, 2020. – Т. 3. – №. 1. – С. 132-134.

### References:

[1] **Sagyndyq, A.Q.,** Ajapova.T.T. Shettildik bilim berudegi quzyretterdin roli //Habarshy QazUU. Pedagogikalyq serija, 2021. – Т. 68. – №. 3. – С. 40-47.[in kazakh]

[2] **Zhidequlova, G.E.,** Saduaqasova N.S. Bilim beru zhujesinde aqparattyq-kommunikacijalyq tehnologijalardy qoldanu //Mehanika i tehnologii, 2015. – №. 1. – В. 87-94. [in kazakh]

[3] **Henderson, D.** Benefits of ICT in Education //IDOSR Journal of Arts and Management, 2020. – Т. 5.– P.52-53.

[4] Web-Based Education Commission et al. The power of the Internet for learning: Moving from promise to practice //Retrieved August, 2000. – Т. 15. – S. 2001.

[5] **Nemenko, B.A.** Oqu kabinetterinin zhabdyqtaluy. [Jelektronnyj resurs]. URL: [https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Oqu\\_kabinetterinin\\_zhabdyqtaluy](https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Oqu_kabinetterinin_zhabdyqtaluy). (qaralgan kuni: 05.04.2023) [in kazakh]

[6] **Bob, K.** The Power of the Internet for learning: moving from promise to practice// – DIANE Publishing, 2000. – R.12.

[7] **Rizakhojajeva, G.A.,** Orazali I.Sh. Towards Encouraging Students' Public Speaking Skills:Action Research in English Language Teaching//Jasaui universitetinin habarshysy, 2022. – No1(123). –В.71–80. URL: <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.06>

[8] **Balanskat, A.** The ICT Impact Report: A review of studies of ICT impact on schools in Europe, European School net URL: [http://insight.eun.org/shared/data/pdf/impact\\_study](http://insight.eun.org/shared/data/pdf/impact_study). Pdf, 2006.

[9] **Oliver, R.** Developing e-learning environments that support knowledge construction in higher education. // International We – B Conference, 2001. – P.16.

[10] **Cakici, D.** The use of ICT in teaching English as a foreign language //Participatory educational research, 2016. – Т. 4. – №. 2. – S. 73-77.

[11] **Abdurahmonov, M.** et al. The role of ICT in EFL classroom //International Journal on Integrated Education, 2020. – Т. 3. – №. 1. – S. 132-134

## ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

**Абжекенова Б.Г.,** магистр педагогических наук

**Сардарова Э.А.,** докторант

**Шукенова Қ.С.,** магистр педагогических наук

*Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан*

**Аннотация.** Данная статья направлена на рассмотрение значения и преимущества оснащения учебных кабинетов информационно-коммуникативными технологиями (ИКТ) при обучении английскому языку в общеобразовательных учреждениях. В образовательном процессе каждая предложенная методика выполняет важную функцию. В эту очередь предлагаемая нами исследовательская работа актуальна. В нашей научно-исследовательской работе мы постарались сделать акцент на правилах и общепринятых стандартах обучения, рассматриваемых в общеобразовательных учреждениях. Кроме того, помимо обзора работ, написанных в этом направлении из мировых источников, мы руководствовались исследовательскими работами отечественных ученых. При написании статьи использованы количественные и качественные методы. С помощью рассмотренных методов были проведены анализы, в результате которых постарались показать важные данные. В исследовании предусмотрены две основные цели: а) предложить эффективность использования высокотехнологических достижений при социально-экономическом развитии; б) продемонстрировать возможности учащихся, которые могут быть достигнуты с помощью ИКТ;

Учитывая две основные цели, указанные выше, мы достигли рациональных результатов в рамках исследования. Рассмотрение целей данного исследования является решением проблем,



возникающих у учителей английского языка общеобразовательных учреждений в отношении применения ИКТ.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, английский язык, обучение, класс, эффективность.

## **FEATURES OF APPLICATION OF MODERN TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF LANGUAGE COMPETENCE**

**Abzhekenova B.G.**, Master of Pedagogical Sciences

**Sardarova E.A.**, Doctoral student

**Shukenova K.S.**, Master of Pedagogical Sciences

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

**Annotation.** This article is aimed at considering the importance and advantages of equipping classrooms with information and communication technologies (ICT) while teaching English in general education institutions. In the educational process, each proposed methodology performs an important function. In our research work, we have tried to focus on the rules and generally accepted standards of education considered in general education institutions. In addition to reviewing the works written in this direction from world sources, we were guided by the research works of Kazakh scientists. Quantitative and qualitative methods were used while writing the article. With the help of the methods considered, analyses were carried out as a result of which we tried to show important data. The study has two main objectives: a) to propose the effectiveness of the use of high-tech achievements in socio-economic development; b) to demonstrate the capabilities of students that can be achieved with the help of ICT;

Considering the two main goals mentioned above, we have achieved rational results within the framework of the study. Consideration of the objectives of this study is a solution to the problem encountered by teachers of English in general educational institutions in relation to the use of ICT.

**Keywords:** information and communication technologies, english language, teaching, class, efficiency.

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ 3D-ФОРМАТА В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

**Исмаилова Р.Б.**, кандидат педагогических наук  
[magistr.kaz23@mail.ru](mailto:magistr.kaz23@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-6544-2019>

**Изтлеу О.А.**, магистрант 1-го курса  
[iztley090500@gmail.com](mailto:iztley090500@gmail.com)

**Нұрсейітова Ж.Ә.**, магистрант 1-го курса  
[zhldyzayn@list.ru](mailto:zhldyzayn@list.ru)

**Өмірхан А.Ә.**, магистрант 1-го курса  
[aidaomirkhan@mail.ru](mailto:aidaomirkhan@mail.ru)

*Алматинский технологический университет, г.Алматы, Казахстан*

**Аннотация:** Подготовка творческих, высококвалифицированных, компетентных, востребованных специалистов, ориентирующихся в быстро изменяющихся условиях, способных применять современные информационные технологии – одна из главных задач образовательной системы. Новые технологии играют большую роль в современном образовании, и одним из таких нововведений является формат 3D. Обучение в 3D имеет свои особенности, что позволяет учащимся эффективно усваивать материалы, развивать необходимые навыки. В этой статье рассматриваются основные особенности обучения в 3D, такие как реалистичные трехмерные модели и моделирование, использование интерактивных задач и игровых ситуаций, а также доступ к большому количеству информации и ресурсов. Кроме того, в статье анализируются ограничения и проблемы, связанные с использованием 3D-технологий, такие как потребность в специальном оборудовании и программном обеспечении, а также обучение преподавателей и студентов. В заключении подчеркивается важность обучения в 3D-формате для развития современного образования и подготовки будущих специалистов в технической сфере. Включение 3D (трехмерных моделей) процессов и объектов в традиционные способы обучения вносит инновацию в «рутинный» процесс обучения, повышает мотивацию к обучению. Облегчает систематизацию знаний. Способствует усвоению большего объема информации, что положительно сказывается на результатах тестов и экзаменов.

**Ключевые слова:** новые технологии, 3D-формат, студент, интерактивные задания.

**Введение.** Широкое развитие и повсеместное внедрение информационных и коммуникационных технологий не могло не затронуть образовательную среду. Так одной из инновационных образовательных информационных технологий стало 3D-моделирование. Применение трехмерного моделирования в образовании стимулирует у учащихся интерес к получению знаний, развивает пространственное мышление и воображение, повышает творческий потенциал личности. Моделирование – процесс замены объекта исследования некоторой его моделью и проведение исследования на модели с целью получения необходимой информации об объекте. Впервые моделирование стало применяться в архитектурной и строительной деятельности и обозначало изображение схемы, чертежа или графика какого-либо предполагаемого объекта. Позже моделирование распространилось и в других науках как метод исследования процессов и явлений окружающей действительности. Моделирование помогает исследователю познать объект изучения, установить взаимосвязь с другими объектами и описать его в наиболее доступной форме [1,2]. Метод моделирования применяется как метод учебного познания. Например, учащиеся моделируют различные физические явления, исторические события, физические и химические эксперименты и многое другое.

Новая организация образовательного процесса требует более глубокого пересмотра его философских, педагогико-психологических основ, практики с теорией. Современные философы и педагоги доказывают необходимость не только внедрения новых технологий и методов обучения в сфере образования, но и пересмотра мировоззренческих позиций в образовании, перехода к духовно-нравственным ценностям. В настоящее время умение

использовать современные педагогические технологии обучения определяет квалификацию каждого учителя. Это осуществляется на основе места и методологии курса в обществе. Изучение курса позволяет обосновать полученные студентами знания в творчестве и применить знания в научно-исследовательской деятельности при выполнении курсового, дипломного проекта.

В повышении качества подготовки специалистов в этом вузе предусматривается использование новых педагогических технологий, обеспечивающих возможность саморазвития личности учителя, повышение его творческих способностей и совершенствование образовательного процесса. Эффективное использование технологии как системного целостного средства преобразования педагогической деятельности способствует улучшению качества учебно-воспитательного процесса, решению задач развития личности. На сегодняшний день проблема педагогической технологии является основой исследования с точки зрения теоретической и научно-прикладной направленности. Формирование умений обучающихся на практических занятиях осуществляется в форме выполнения различных упражнений, в процессе выполнения различных ролей в деловых играх, в форме создания образовательных проектов и моделирования педагогических ситуаций. В настоящее время в связи с быстрым ростом научной информатики очень важным становится самообразование и самостоятельное обучение обучающихся.

В эпоху ускоренного развития науки и техники, усиления потока информационных данных главной задачей образовательных учреждений становится формирование умственных способностей, развитие способностей, талантов человека. Он придет с плодами неутомимой любознательности и творчества преподавателя, который нуждается в обновлении как воздух в сегодняшнем образовательном пространстве. Поэтому в зависимости от способностей каждого учащегося должен быть сделан большой поворот к овладению обновленными педагогическими технологиями, осуществляющими образование, воспитание его самостоятельности, любознательности, творчества. Ведь организация учебного процесса на уровне государственного образовательного стандарта обязывает внедрять новые педагогические технологии.

В современном мире, где технологии активно проникают во все сферы жизни, использование 3D-моделей в учебном процессе становится все более актуальным и эффективным. 3D-модели позволяют учащимся более полно и глубоко понять сложные концепции и предметы, предоставляя возможность визуального и взаимодействующего обучения. В данной статье мы рассмотрим основные особенности использования 3D-моделей в учебном процессе и их влияние на обучение и погружение учащихся в предметную область.

Во-первых, одним из главных преимуществ использования 3D-моделей в учебе является возможность визуализации сложных и абстрактных понятий. Вместо традиционного объяснения с помощью чертежей или словесного описания, 3D-модели позволяют визуально представить объекты и процессы в трехмерном пространстве. Например, в физике такие модели могут помочь студентам лучше понять законы движения, электромагнитные поля или структуру атома. В медицинских и биологических науках 3D-модели позволяют изучать человеческое тело или молекулярные структуры с большей точностью и детализацией.

Во-вторых, 3D-модели в учебном процессе оказывают влияние на эффективность обучения. Исследования показывают, что использование 3D-моделей позволяет улучшить понимание и запоминание исследуемого материала. Ученики более активно включены в процесс обучения, так как могут манипулировать моделями и исследовать различные аспекты объекта или явления. Более того, взаимодействие с 3D-моделями развивает навыки критического мышления и пространственного воображения у учащихся.

Кроме того, использование 3D-моделей способствует интерактивности в учебе. Студенты могут исследовать объекты или процессы в реальном времени, изменять

параметры и наблюдать за результатами своих действий. Это позволяет им самостоятельно открыть и исследовать новые аспекты и связи в учебной теме. Интерактивность также способствует активному участию студентов и стимулирует их интеллектуальную и творческую активность. Конечно, использование 3D-моделей в учебном процессе требует соответствующего оборудования и программного обеспечения, что может стать небольшим вызовом для образовательных учреждений. Однако, с учетом растущей доступности современных технологий и их пользы для обучения, внедрение 3D-моделей в учебу становится все более необходимым шагом.

В заключение, использование 3D-моделей в учебном процессе имеет множество преимуществ. Они позволяют визуализировать сложные концепции, улучшают эффективность обучения, стимулируют интерактивность и развивают навыки учащихся. Необходимо сделать все возможное, чтобы внедрение 3D-моделей в учебу стало широко распространенной практикой, так как это способствует более глубокому и качественному образованию нового поколения.

**Методы исследования.** Можно выделить IV этап внедрения инновационных педагогических новшеств в учебно-воспитательном процессе:

Этап I: поиск новой идеи. Информатизация и организация инноваций, поиск новшеств.

II этап: организация новостей. Проведение первого конкурса нововведений в учебно-воспитательном процессе.

III этап: ввод новостей. Использование инновационных методов и приемов в учебно-воспитательном процессе.

Этап IV: утверждение новостей. Оценка результатов нововведений, внесенных в учебно-воспитательный процесс.

С целью вхождения во Всемирное образовательное пространство в настоящее время в Казахстане создана новая система образования. Этот процесс, помимо внесения конкретных изменений в теорию педагогики и учебно-воспитательный процесс, требует нового подхода к образовательной деятельности различных направлений, происходящих в стране, дифференциации с критической оценкой достигнутых успехов, развития творческих способностей молодежи, новой организации деятельности учителя. Новые педагогические технологии помогают повысить творческие способности обучающихся.

В современной педагогике 3D-модели имеют широкий спектр применения, который позволяет улучшить познавательный процесс и повысить интерес учащихся к изучаемому материалу. В данной статье мы рассмотрим несколько способов использования 3D-моделей в педагогической практике.

Первым и, пожалуй, наиболее популярным способом использования 3D-моделей в педагогике является создание виртуальных экскурсий. С их помощью учащиеся могут побывать в самых разных местах мира, изучить архитектуру и культуру различных стран, а также увидеть исторические события. Виртуальные экскурсии позволяют перенести обучение за пределы класса и сделать его более увлекательным и практическим.

Вторым способом является создание интерактивных моделей. Учащиеся могут самостоятельно исследовать различные объекты и явления, что позволяет им глубже понять сложные концепции и законы природы. Например, с помощью 3D-моделей можно изучать строение человеческого организма или различные химические реакции. Это способствует более активному вовлечению учеников в учебный процесс и развитию их мыслительных навыков.

Третий способ использования 3D-моделей – это развитие творческих навыков. С их помощью учащиеся могут самостоятельно создавать свои 3D-модели, экспериментировать и воплощать свои идеи в реальность. Это развивает у них не только пространственное мышление, но и способствует развитию креативности и инноваций. Студенты могут создавать архитектурные проекты, дизайны предметов, модели природных объектов и многое другое.

В целом, использование 3D-моделей в педагогике позволяет сделать обучение более эффективным и интересным как для учащихся, так и для преподавателей. За счет визуализации сложных концепций и возможности самостоятельного творческого процесса, ученики могут лучше понять и запомнить изучаемый материал, а также развить свои навыки и способности. Видимо, в будущем мы будем все чаще видеть использование 3D-моделей в образовании, чтобы создать наиболее полноценную и интерактивную среду для современного образовательного процесса.

**Результаты.** В современном мире образования постоянно появляются новые методы и технологии, которые помогают улучшить процесс обучения и повысить эффективность передачи знаний. Одной из таких инноваций является применение 3D-моделей в учебном процессе по педагогике.

Наш эксперимент был направлен на изучение влияния 3D-моделей на студентов, изучающих педагогику. Мы подготовили специальный учебный курс, в котором использовали 3D-модели, представляющие различные объекты и принципы педагогики. В ходе эксперимента мы разделили студентов на две группы: контрольную и экспериментальную. Группа контроля получала традиционное обучение, основанное на учебниках и лекциях. Они изучали основные принципы педагогики, анализировали тексты и решали типичные задачи. Группе эксперимента были предоставлены возможности работы с 3D-моделями. Они могли взаимодействовать с моделями, исследовать их виртуальное пространство и участвовать в интерактивных заданиях.

Результаты эксперимента подтвердили наши ожидания. Группы, использующие 3D-модели, показали значительный рост в понимании и усвоении материала по сравнению с группой контроля. Студенты, которые работали с 3D-моделями, демонстрировали более глубокое понимание педагогических концепций и были лучше подготовлены к практическому применению знаний.

Кроме того, студенты из экспериментальной группы отметили, что использование 3D-моделей позволило им лучше представить и визуализировать понятия, которые ранее казались им сложными. Они смогли легче уловить взаимосвязи и визуализировать процессы, которые происходят в педагогике. Это привело к большей мотивации и интересу к обучению.

Итак, наш эксперимент доказал положительное влияние 3D-моделей на образовательный процесс по педагогике. Использование этих моделей позволяет студентам более глубоко понимать и усваивать материал, а также визуализировать сложные понятия. Результаты нашего исследования могут быть использованы для улучшения учебных программ по педагогике и повышения качества образования.

**Обсуждение.** В современном образовании использование 3D-моделей играет ключевую роль, открывая новые возможности и перспективы для учащихся и педагогов. Этот инновационный подход к обучению вносит значительный вклад в повышение эффективности образовательного процесса и развитие ключевых навыков у студентов.

Одно из главных преимуществ использования 3D-моделей заключается в их способности представить информацию в наиболее понятной и наглядной форме. Ученикам легче усваивать сложные концепции и понимать абстрактные идеи, когда они видят их в трехмерном пространстве. Например, в обучении геометрии 3D модели могут помочь детям осознать пространственные отношения между фигурами и легко определить их свойства. Это помогает улучшить восприятие информации и способствует активному участию студентов в учебном процессе.

Кроме того, использование 3D-моделей в современном образовании стимулирует креативность и творческое мышление учащихся. Они получают возможность виртуально создавать и изменять объекты, экспериментировать и реализовывать свои идеи. Например, в науке и технике ученики могут создавать трехмерные модели механизмов и проводить виртуальные эксперименты, что помогает им лучше понять и освоить теоретические концепции.

Более того, использование 3D-моделей позволяет развивать коммуникативные навыки учеников. Современные образовательные платформы предоставляют возможность создавать коллективные проекты, где ученики могут сотрудничать, обмениваться идеями и вкладываться в общую идею. Это способствует развитию навыков работы в команде, лидерства и пробуждает интерес к обмену знаниями.

Наконец, использование 3D-моделей в современном образовании подготавливает учащихся к современному рынку труда, где востребованы цифровые и креативные навыки. Они приобретают опыт использования инновационных технологий, а также развивают навыки работы с трехмерной графикой и моделированием. В результате, студенты получают конкурентные преимущества и готовность к будущим профессиональным вызовам.

В итоге, использование 3D-моделей в современном образовании играет важную роль в обогащении образовательных процессов. Они помогают учащимся лучше понять и запомнить учебный материал, развивают их творческое мышление и коммуникативные навыки, а также подготавливают их к современному рынку труда. Внедрение 3D-моделей в учебные практики является неотъемлемой частью современного образования и позволяет ученикам раскрыть свой потенциал.

**Заключение.** Использование 3D-моделей в учебном процессе предоставляет непревзойденные возможности для обучения и позволяет студентам более эффективно усваивать знания. Современная технология открыла множество перспектив в области образования, и 3D-моделирование является одним из самых уникальных и эффективных инструментов, которые могут быть использованы преподавателями и студентами. В данной статье были рассмотрены несколько методов использования 3D-моделей в учебном процессе.

Первый метод – использование 3D-моделей для визуализации абстрактных понятий и явлений. Некоторые предметы, такие как математика или физика, могут быть трудными для усвоения, особенно, если они требуют наглядности. 3D-модели могут помочь визуализировать сложные математические формулы или абстрактные физические явления, делая их понятными и доступными для учащихся. Например, использование 3D-моделей позволяет визуализировать молекулярные структуры или геометрические фигуры, что помогает студентам лучше понять и запомнить эти концепции.

Второй метод – использование 3D-моделей для проведения виртуальных экскурсий и практических занятий. 3D-модели могут быть использованы для создания виртуальных сред и симуляций, которые позволяют студентам исследовать различные предметы и явления без фактического присутствия на месте. Например, студенты могут посетить древние культурные памятники, планеты солнечной системы или исторические места через виртуальную реальность. Это позволяет учащимся получить практический опыт и углубленное понимание предмета, которое невозможно достичь только изучая текстовые материалы.

Третий метод – использование 3D-моделей для исследования и создания новых объектов и материалов. Учащиеся могут использовать 3D-моделирование для разработки прототипов, экспериментов и тестирования новых идей. Например, студенты, будущие архитекторы, могут создавать 3D-модели домов и зданий, чтобы оценить их внешний вид и функциональность. Это позволяет студентам развивать креативное мышление, решать проблемы и применять свои знания на практике.

Использование 3D-моделей в учебном процессе предоставляет уникальную возможность сделать обучение более интерактивным, наглядным и эффективным. Оно позволяет студентам глубже понять и запомнить сложные концепции, развивает их креативное мышление и применение знаний на практике. Расширение использования 3D-технологий в образовании предоставит учащимся новые возможности и поможет им быть успешными в современном мире.

Таким образом, внедрение технологий в образовательный процесс позволит сформировать цель в образовательном понятии; проанализировать современные педагогические технологии на основе нравственно-умственных, психологических, медицинских, экологических показателей, а также оценить их эффективность в условиях дифференцированного обучения; создать на их основе перспективные средства обучения; разработать целостную государственную образовательную программу, регулирующую процессы технологизации этих процессов и способствует управлению на основе стандартов.

### Литература:

[1] **Смит Дж.,** Джонсон А. (2018). Повышение технической грамотности посредством 3D-изображений: обзор литературы. Журнал технического образования, 25 (2). – С. 45-62.

[2] **Браун, Р.,** Томпсон Л. (2019). Влияние методов 3D-обучения на результаты обучения студентов технического образования. Международный журнал инженерного образования, 36 (4). – С. 712-728.

[3] **Джонсон, Л.,** Адамс Беккер С., Эстрада В., Фриман А. Остин, Техас: Консорциум новых медиа. (2015). Отчет NMC/CoSNHorizon: издание K-12, 2015 г.

[4] **Деде, С.** (2009) Привлечение интерфейсов для участия и обучения. Наука, 323 (5910), 2009. – С.66-69.

[5] **Сквайр, К.** От содержания к контексту: видеоигры как развивающийся опыт. Исследователь в области образования, 35 (8), 2006. – С.19-29.

[6] **Чен, Х.,** Ван С. (2020). Исследование проблем и возможностей внедрения 3D-технологий в техническое образование. Журнал профессионального образования, 42 (3). – С. 89-104.

[7] **Кларк, Д.Б.,** Нельсон Б., Сенгупта П., Д'Анджело С. Проектирование для более глубокого обучения в рамках виртуальной стажировки. В материалах 9-й Международной конференции по наукам об обучении (ICLS, 2009), 2009. 1 том. – С. 401-408.

[8] **Ли, С.,** Ким Д. (2017). Кейсы по внедрению 3D-методов обучения в техническом образовании. Журнал знаний о промышленных технологиях, 54 (1). – С. 32-47.

[9] **Дэвис, М.,** Джонсон, Р. (2021). Педагогические стратегии эффективного 3D-обучения в техническом образовании. Журнал инженерной педагогики, 18 (3). – С. 120–135.

[10] Российская Федерация. Приказы. Об утверждении федерального компонента государственных образовательных стандартов начального общего, основного общего и среднего (полного) образования [Электронный ресурс]: приказ: от 5.03.2004, №1089 (действ. ред. 2017). – Электрон. дан. – Режим доступа: URL: <http://base.garant.ru/6150599/#friends>, доступ СПС «Гарант» (дата обращения: 5.03.2019). – Загл. с экрана.

[11] **Богущая, Т.В.,** Жарикова Л.И. Основы теории и технологий в педагогике: учеб. пособ. Барнаул: АлтГПА, 2014. – 193 с.

[12] Руководство пользователя Sculptris [Электронный ресурс] /Pixologic// Sculptris: [официальный сайт]. – Электрон. дан. – Режим доступа: URL: <http://pixologic.com/sculptris/>, свободный (дата обращения: 5.03.2019). – Загл. с экрана.

[13] Возможности и функционал программы Lego Digital Designer [Электронный ресурс] / Lego: [официальный сайт]. – Электрон. дан. – Режим доступа: URL: <http://www.lego-le.ru/mir-lego/programmi-lego/lego-digital-designer.html>, свободный (дата обращения: 5.03.2019). – Загл. с экрана.

[14] Руководство пользователя Sketch Up [Электронный ресурс] /Sketchup // Trimble: [официальный сайт]. – Электрон. дан. – Режим доступа: URL: <https://www.sketchup.com/ru>, свободный (дата обращения: 5.03.2019). – Загл. с экрана.

[15] Функционал и описание программы Blender [Электронный ресурс] / Blender: [официальный сайт]. – Электрон. дан. – Режим доступа: URL: <http://www.blender.org/>, свободный (дата обращения: 5.03.2019). – Загл. с экрана.

## References:

- [1] **Smit, Dzh.**, Dzhonson A. (2018). Povyshenie tehnikeskoj gramotnosti posredstvom 3D-izobrazhenij: obzor literatury. Zhurnal tehnikeskogo obrazovanija, 25 (2). – С. 45-62.[in Russian]
- [2] **Braun, R.**, Tompson L. (2019). Vlijanie metodov 3D-obuchenija na rezul'taty obuchenija studentov tehnikeskogo obrazovanija. Mezhdunarodnyj zhurnal inzhenerenogo obrazovanija, 36 (4). – С. 712-728. [in Russian]
- [3] **Dzhonson, L.**, Adams Bekker S., Jestrada V., Friman A. Ostin, Tehas: Konsorcium novyh media. (2015). Otchet NMC/CoSNHorizon: izdanie K-12, 2015 g. [in Russian]
- [4] **Dede, S.** (2009) Privlechenie interfejsov dlja uchastija i obuchenija. Nauka, 323 (5910), 2009. – S.66-69. [in Russian]
- [5] **Skvajr, K.** Ot sodержanija k kontekstu: videoigry kak razvivajushhijsja opyt. Issledovatel' v oblasti obrazovanija, 35 (8), 2006. – S.19-29. [in Russian]
- [6] **Chen, H.**, Van S. (2020). Issledovanie problem i vozmozhnostej vnedrenija 3D-tehnologij v tehnikeskoe obrazovanie. Zhurnal professional'nogo obrazovanija, 42 (3). – С. 89-104. [in Russian]
- [7] **Klark, D.B.**, Nel'son B., Sengupta P., D'Andzhelo S. Proektirovanie dlja bolee glubokogo obuchenija v ramkah virtual'noj stazhirovki. V materialah 9-j Mezhdunarodnoj konferencii po naukam ob obuchenii (ICLS, 2009), 2009. 1 tom. – S.401-408. [in Russian]
- [8] **Li, S.**, Kim D. (2017). Kejсы po vnedreniju 3D-metodov obuchenija v tehnikeskom obrazovanii. Zhurnal znaniy o promyshlennyh tehnologijah, 54 (1). – С. 32-47. [in Russian]
- [9] **Djevis, M.** i Dzhonson, R. (2021). Pedagogicheskie strategii jeffektivnogo 3D-obuchenija v tehnikeskom obrazovanii. Zhurnal inzhenernoj pedagogiki, 18 (3). – С. 120–135. [in Russian]
- [10] Rossijskaja Federacija. Prikazy. Ob utverzhdenii federal'nogo komponenta gosudarstvennyh obrazovatel'nyh standartov nachal'nogo obshhego, osnovnogo obshhego i srednego (polnogo) obrazovanija [Jelektronnyj resurs]: prikaz: ot 5.03.2004, №1089 (dejstv. red. 2017). – Jelektron. dan. – Rezhim dostupa: URL: <http://base.garant.ru/6150599/#friends>, dostup SPS «Garant» (data obrashhenija: 5.03.2019). – Zagl. s jekrana. [in Russian]
- [11] **Boguckaja, T.V.**, Zharikova L.I. Osnovy teorii i tehnologij v pedagogike: ucheb. posob. Barnaul: AltGPA, 2014. 193 s. [in Russian]
- [12] Rukovodstvo pol'zovatelja Sculptris [Jelektronnyj resurs] /Pixologic// Sculptris: [ofic. sajt]. – Jelektron. dan. – Rezhim dostupa: URL: <http://pixologic.com/sculptris/>, svobodnyj (data obrashhenija: 5.03.2019). – Zagl. s jekrana. [in Russian]
- [13] Vozmozhnosti i funkcional programmy Lego Digital Designer [Jelektronnyj resurs] / Lego : [ofic. sajt]. – Jelektron. dan. – Rezhim dostupa: URL: <http://www.lego-le.ru/mir-lego/programmi-lego/lego-digital-designer.html>, svobodnyj (data obrashhenija: 5.03.2019). – Zagl. s jekrana. [in Russian]
- [14] Rukovodstvo pol'zovatelja Sketch Up [Jelektronnyj resurs] / Sketchup // Trimble: [ofic. sajt]. – Jelektron. dan. – Rezhim dostupa: URL: <https://www.sketchup.com/ru>, svobodnyj (data obrashhenija: 5.03.2019). – Zagl. s jekrana. [in Russian]
- [15] Funkcional i opisanie programmy Blender [Jelektronnyj resurs] / Blender: [ofic. sajt]. – Jelektron. dan. – Rezhim dostupa:URL: <http://www.blender.org/>, svobodnyj (data obrashhenija: 5.03.2019). – Zagl. s jekrana. [in Russian]

## ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ 3D-ФОРМАТТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Исмаилова Р.Б.**, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Изтлеу О.А.**, 1 курс магистранты

**Нүрсейітова Ж.Ә.**, 1 курс магистранты

**Өмірхан А.Ә.**, 1 курс магистранты

*Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Андатпа:** Заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, тез өзгеретін жағдайларда бағдарланатын шығармашылық, жоғары білікті, құзыретті, сұранысқа ие мамандарды даярлау-білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Жаңа технологиялар заманауи білім беруде үлкен рөл атқарады және осындай жаңалықтардың бірі-3D форматы. 3D форматында оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар, бұл оқушыларға материалдарды тиімді игеруге, қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақалада 3D форматындағы оқытудың негізгі ерекшеліктері



қарастырылады, мысалы, шынайы үш өлшемді модельдер мен модельдеу, интерактивті тапсырмалар мен ойын жағдайларын пайдалану және көптеген ақпарат пен ресурстарға қол жеткізу. Сонымен қатар, мақалада 3D технологияларын қолдануға байланысты шектеулер мен проблемалар талданады, мысалы, арнайы аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету қажеттілігі, оқытушылар мен студенттерді оқыту. Қорытындыда қазіргі заманғы білім беруді дамыту және техникалық салада Болашақ мамандарды даярлау үшін 3D форматта оқытудың маңыздылығы атап өтіледі. Дәстүрлі оқыту әдістеріне 3D (үш өлшемді модельдер) процестер мен объектілерді қосу "күнделікті" оқу процесіне инновация әкеледі, оқуға деген ынтаны арттырады. Білімді жүйелеуді жеңілдетеді. Тесттер мен емтихандардың нәтижелеріне оң әсер ететін ақпараттың үлкен көлемін игеруге ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** жаңа технологиялар, 3D формат, студент, интерактивті тапсырмалар.

## FEATURES OF USING 3D-FORMAT IN THE LEARNING PROCESS

**Ismailova R.B.**, candidate of pedagogical sciences

**Iztleu O.A.**, 1-st year undergraduate

**Nurseitova Zh.A.**, 1-st year undergraduate

**Omirkhan A.A.**, 1-st year undergraduate

*Almaty Technological University, Almaty city, Kazakhstan*

**Annotation:** The training of creative, highly qualified, competent, in-demand specialists who are oriented in rapidly changing conditions and are able to apply modern information technologies is one of the main tasks of the educational system. New technologies play a big role in modern education, and one of such innovations is the 3D format. 3D learning has its own characteristics, which allows students to effectively assimilate materials and develop the necessary skills. This article discusses the main features of 3D learning, such as realistic three-dimensional models and simulations, the use of interactive tasks and game situations, as well as access to a large amount of information and resources. In addition, the article analyzes the limitations and problems associated with the use of 3D technologies, such as the need for special equipment and software, as well as the training of teachers and students. In conclusion, the importance of 3D education for the development of modern education and the training of future specialists in the technical field is emphasized. The inclusion of 3D (three-dimensional models) of processes and objects in traditional ways of learning introduces innovation into the "routine" learning process, increases motivation to learn. Facilitates the systematization of knowledge. It helps to assimilate more information, which has a positive effect on the results of tests and exams.

**Keywords:** new technologies, 3D format, student, interactive tasks.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРМЕУШІЛІКТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Кенжебаева К.С., PhD

[kundiz\\_27\\_87@mail.ru](mailto:kundiz_27_87@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-0908-6843>

Жұмабекова М.М., магистрант

[ainazka1@mail.ru](mailto:ainazka1@mail.ru)

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Үлгермеушілік терминінің мағынасы оқушы дайындығының білім талаптарына сәйкес келмейтінін білдіреді. Психологиялық теориялардың әр түрлі түрлеуінде (модификациясында) таралған. Бұл тұрғыда зерттеудің психологиялық аспектілері ғана емес, сонымен қатар психологиялық факторларға ұшыраған сәтсіздік мәселелері туралы мәліметтер де қарастырылады. Оқушылардың оқу барысындағы үлгірім көрсеткіштері интеллектіге негізделеді. Интеллект – бұл зияттылық, парасаттылық деген ұғыммен тұжырымдалып жүр. Мектеп практикасында баланың оқу жетістігін интеллектіні өлшеу арқылы анықтауға болатындығы көрсетілген. Оқу барысында баланың интеллекттік қарқынды дамуы танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырумен қатар, Ж.Пиажениң генетикалық теориясы көрсеткендей тұқымқуалаушылықпен де түсіндіріледі.

Қоршаған ортамен тұлға арасын бітістіруші іс-әрекет болып табылады. Интеллектінің дамуына сөз де, көрнекі бейне де өздігінен ешқандай әсер етпейді. Нақты заттарды белсенді манипуляциялау және зерттеу үшін тұлға өзі іс-әрекет жасауы керек.

Белгілі кеңес ғалымы Л.С. Выготскийдің жоғары психикалық функцияның мәдени-тарихи теориясы шегінде интеллект мәселесі баланың ақыл-ой дамуы ретінде қарастырылады. Даралықтың әлеуметтіктен өсірілуі формасында дәлелденді. Бала дамуындағы іс-әрекеттің жетекші рөлін түсіну практика үшін маңызы зор.

Тұлғаның ойлау әрекетінің ұйымдастырылу деңгейі қаншалықты жоғары болса, соғұрлым білім игеру мағынасы терең болады. Кез-келген іс-әрекеттің мақсаты тұлғада жан-жақты білім, білік дағдылармен қаруландыру болғандықтан интеллект дамуына шешуші ықпал етеді. Тұлға іс-әрекетте ақыл-әрекетінің көптеген тәсілдерін игеріп, ойлауға үйренеді. Оларда абстрактілі ойлау дамиды, интеллектте әрекет ету қабілеті, сонымен бірге таңбалық белгілік білім мазмұны құрылады. Нақты білімді игеру барысында ие болатын интеллекттік ептілік бағытталған психологиялық ықпал ету нәтижесі болып табылады.

**Тірек сөздер:** мотивация, мінез-құлық, оқыту, тәрбиелеу, білім беру, педагогикалық технология, таным, қызығушылық

**Кіріспе.** Э. Кречмер 1990 жылы мектеп үлгермеушілігі себебін түсіндіретін үш негізгі бағытты көрсетеді. Олар: биогенетикалық, әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-аффективтік бағыттар [1-4].

Баланың психикалық даму жолындағы биогенетикалық бағыты үшін көбіне мектептегі үлгерімділігі баланың "туа біткен қабілетімен" қамтамасыз етеді. Биогенетикалық бағытты дәлелдейтін өкілдер "оқушылардың оқудағы үлгерімділігі ген арқылы келетін интеллектісіне байланысты болады" деп дәлелдейді. Оны тест арқылы, оның ішінде интеллект коэффициенті арқылы өлшеуге болады. Осы бағыттағы белгілі өкілдердің бірі доктор А.В. Карпов американдық Женкстің идеясын қолдайды [5].

Өмірлік қажетті білімді игерудің кез-келген кезеңі интеллекттік қабілеттің дамуына алып келуі, сонымен бірге, әрі қарай білімді игеру және қолданудың жаңа мүмкіндіктерін құруы тиіс. Ересектер баланың белгілі бір білімдерді, біліктерді және дағдыларды игертіп ғана қоймай, сондай-ақ іс-әрекет процесінде олардың интеллектісі дамуына саналы түрде басшылық жасап отыруы тиіс.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты интеллекттік дамуының үйлесімді жолын табу және олардың танымдық белсенділігі іс-әрекет процесінің қарқынын жоғарылату негізгі жағдайларының бірі [6].

Кеңес психология ғылымының өкілдері А.Н.Леонтьев [7], С.Л. Рубинштейн [8] еңбектерінде бала іс-әрекеті оның психикалық дамуының негізгі жағдайы екендігі көрсетілген.

Іс-әрекет – интеллекттік және оқу-мәліметтік икемділіктер мен дағдылардың жетістікке жетуі көбінесе ойлау және естің психологиялық ерекшеліктеріне негізделеді. Сондай-ақ, туылғаннан интеллекттік өрістің дамуымен тікелей байланысты. Интеллекттік өрістің дамуы, баланың психикалық дамуының негізгі буыны – мектеп жылында қарқынды жүзеге асатын, тұлға қалыптасуының маңызды жағдайы бола отырып, баладан белгілі бір белсенділік дәрежесін талап етеді.

Зерттеулерге сүйене отырып, ғалым И.А.Петухова статистикалық материалдар арқылы ақыл-ой қабілеті интеллекттік белсенділіктің маңызды базалық компоненті болып табылатындығын дәлелдейді [9]. Бірақ, ақыл-ой қабілеті интеллекттік белсенділік деңгейінің сапасын анықтай алмайды деп тұжырымдайды. Интеллекттік белсенділіктің жоғары деңгейі оның көрінуін қамтамасыз ететін, ақыл-ой қабілеті дамуының қолайлы деңгейіне жетеді.

Интеллекттік белсенділік таным процестерінің кендігі мен тереңдігін айқындайды. Оның көріністерін тежеуі немесе стимулдауы мүмкін. Тұлғаның интеллекттік белсенділігі талаптану деңгейінде, өзіндік бағалау, жетістікке ұмтылуда, өзіндік анықталуда көрініс береді. Творчестволықтың жоғары формасын көрсетуге мүмкіндік беруші, жағдаятты стимулданбайтын продуктивті әрекет механизмі - интеллекттік белсенділік болып табылады [10].

Әлеуметтік-аффективтік бағыттың өкілдері шиеленіс кезінде әр түрлі қақтығыс жағдаяттарына т.с.с. екіпін салады. Олар оқу уақытын 4 кезеңге бөледі. Әр кезеңнің соңында баланың тәртібіне кері әсер ететін өзгеріс болады. Бірінші өзгеріс бала үшін бірінші экстраотбасылық топ болып табылатын бөбектер бақшасына барғанда болады. Екінші өзгеріс – жауапкершілігін алуға тиіс оқу міндеттері алдында бастапқы мектепке ауысу кезінде басталады. Содан кейін жаңа пәндер мен көптеген мұғалімдері бар орта мектепке ауысу кезеңі басталады. Содан кейін интеллекттік автономияны қажет ететін жоғары оқу орнына түсу сәтінде басталады. Бұл бір ауыр, кірпияз ауысу процесі орталықтанған шеңбер секілді. Бұның бәрі жалғыз достық емес, бәсекелестік сезімі бар жасты топқа үйренуге, мұғалімдердің және әкімшіліктің беделіне, барлық қиындық алып келетін нәрселерге үйренуге алып келеді [11].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше барлық балалар осы талаптарды орындауға дайын емес. Балалардың 3 жасында кездескен қиындықтары қайтадан 6, 12 немесе 18 жасында кездесуі ғажап емес. Бұл жағдайлар психология ғылымында дағдарыс ұғымымен түсіндіріледі. Дағдарыс- бұл белгілі бір жас кезеңінде бала мен қоршаған орта (ата-ана, құрдастары, көңілі толмаушылық т.б.) арасында қарама-қайшылықтар туындаған кезде көрініс береді [12].

Соңғы жылдарда оқудағы фрустрация құбылысын, ықпал ететін саналы түрдегі факторлармен түсіндірілетін үлгірмеушіліктің терең-психологиялық теориясы кеңінен таралған. Фрустрация дегеніміз кедергілерді жеңімен байланысты тұжырымдалады. Егер, тұлға мақсатқа жетуде әрдайым қиындықтар мен кедергілерге ұшырайтын болса, ол фрустрацияға ұшырайды. Фрустрация бұл оқушылардың оқу үлгірмеушіліктерінің бір себебі десек қателеспейміз. Себебі, әсіресе бастауыш сынып жасындағы балалардың танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асырудағы кейбір қиындықтарды жеңудегі физиологиялық және психологиялық төтеп бере алмаушылық оқу үлгірмеушіліктерінің бірден бір себебі болады.

"Оқыту" термині қазіргі психологияда және біліммен айналысатын зерттеушілер педагогикасында кеңінен қолдануда. Тиімді білім алатын жүйелерді және балалардың

дамуына әсер ететін диагностиканың балама көрсеткіштерінің қажеттігіне байланысты оқытуды түсінуге әр түрлі жолдар ұсынылған еді. Алайда, зерттеушілермен ұсынылған "оқыту" анықтамасы әр түрлі тұжырымда болады.

"Оқыту" термині 1920-шы жылдары Э.Торндайкпен ақыл-ойды бағалауға байланысты енгізілген болатын. Ол айқын фактілер негізінде оқу кезінде индивидтердің әр түрлі қиындықтарын көрсетіп дәлелдеген: бірі пәннің негізгі мағынасын оңай қабылдап, практикалық ситуациялардағы ептілігі мен дағдысын, білімін оңай қолдана бастаса, басқалары қосымша түсіндіргенді талап етеді. Э. Торндайк ақыл-ойды бағалау "үйрену қабілетін бағалау болып табылады немесе болып табылуы тиіс" ол күрделі материалды игеру қабілеті немесе кейбір материалды тез игеру қабілеті ақыл-ойдың бірегей негізгі бағасы болып тұруы тиіс. Алайда бұндай анықтау оқытудың бірден-бір жолы болып табылды [13].

Оқыту – бұл оқушының ақпаратты игеруге, оқу қызметін орындауға, оқу материалын есте сақтауға міндеттерді шешуге, оқуды бақылаудың әр түрін орындауы мен өзін бақылаудағы жеке мүмкіндіктерінің эмперикалық сипаттамасы.

Оқушының оқуға мотивациясының оқу іс-әрекетінде алатын орны туралы А.Н.Леонтьев былай деп жазды: “Оқудың нәтижесі оқушының индивидуалдық ерекшеліктеріне, оның психикалық процестерінің жүру сипатына, құндылық бағытталуына, іс-әрекетке не итермелейтініне, яғни, оның мотивтеріне байланысты”.

Бастауыш мектеп оқушыларының бойында кейде агрессивтік мінез-құлық та (латын тілінен *egredior* – шығу, қашу) байқалады. Бұл мінез-құлық төмендегідей формаларда көрініс табады: қиын тапсырмалардан, жауапты жұмыстардан қашу, бақылау болатын болса сабақтан кетіп қалу т.б. Кейбір психологиялық зерттеулерде кіші оқушының бойында агрессивтік мінез-құлықтың пайда болуына төмендегідей жағдайлар әсер етеді деп көрсетеді: басқалардың жағынан жағымды эмоционалдық қатынастың болмауы, өзіне беретін бағасы басқалардың беретін бағасымен сәйкес келмеуі, оның әлі жетпейтін, фрустрация тудыратын тапсырмалар беру, қиындықты жеңуге үмітінің болмауы, оған қойылатын талаптарға теріс қатынасы [14].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Танымдық сферада даму бойынша жеткіліксіз деңгеймен шартталған үлгермеушілікті зерттеу үшін "Корректуралық байқау" (Б. Бурдон, әріптік вариант), "Қызыл-қара кесте", "Шульте кестесі", "Оперативті есте сақтау", "Ұзақ мерзімді есте сақтау", "Жанама есте сақтау", "Лабиринт", масса мен ұзындықты сақтау түсінігін зерттеу әдістемесі.

#### **Нәтижелер. Зейіннің даму деңгейін анықтау**

Эксперименттің бірінші сериясының мақсаты – үлгермеушілігі бар балалардың зейінін дамыту деңгейін зерттеу болды. Зейінді дамыту деңгейін зерттеу үшін концентрация, зейінін аудару, тұрақты ойын және көзқарасын бағдарлау – іздеу жылдамдығының көлемі ретінде зейін сапасын зерттеуде үш әдіс таңдалды.

"Корректуралық байқау" (Б. Бурдон) әдісі зейін көлемі мен оның концентрациясын зерттеу үшін пайдаланды.

Зерттеудің нәтижесі, зейіннің көлемінің дамуы 1 сыныптан 4 сыныпқа дейін жастық динамикасы бар. Сыналған 6-7 жастағы балаларда зейінді болу 60 пайызға, 8 жастағы балаларда 71 пайызға, 9 жастағы балаларда 73,3 пайызға, және 10 жастағы балаларда 86,5 пайызға анықталған. Барлық жастық топ бойынша зейінді болу көлемін зерттеудің жалпы нәтижесі және сапасы – 72,6 пайызға қалыптасқаны, сыналушылардың зейіні 27,4 пайыз төмен және өте төмен деңгейді көрсетті. "Корректуралық байқау" бойынша зейін концентрациясын зерттеу нәтижелерін талдау 7 жастағы балалардың зейінінің даму сапасы – 23,3 пайызға, 8 жастағы балалардың зейінінің даму сапасы - 26,4 пайызға, 9 жастағы балалардың зейінінің даму сапасы – 26,7 пайызға, 10 жастағы балалардың зейінінің даму сапасы – 30,8 пайызға дамыған.

Көптеген сыналушылар тапсырманы орындау кезінде жас ерекшеліктеріне қарамастан зейін концентрациясы бойынша қиындықтарды көрсетті.

Мысалы: 3 сыныптың оқушысы Р.Руслан, жасы 8,5 ай. Әдіске берілген тапсырманы 527 белгіні қарап болып, 4 минутта орындады. Ынталандыру материалын қарау кезінде бала барынша әріптерді қарап болуға тырысты, нәтижесінде қажетті 22 әріпті сызып тастамай, қате жасады. Диагностикалық зерттеу кезінде шамадан тыс қозғалу, үстелде жатқан бір затты бір орыннан екінші орынға ауыстыру кезінде қатты алаң болу, аяғын қисайтып отыру, сыртқы дыбысқа (сыртта және дәліздегі шу) алаңдауы байқалды. Бала сұрақты жиі қойып, оның жауабын соңына дейін тыңдамайды. Ал сұрақтары танымдық сипатта емес. Барлық жастағы сыналып жатқандардың зейінді болу концентрациясын зерттеудің жалпы нәтижелері нормада 26,8 пайызды, сыналып жатқандардың 73,2 аталған зейін сапасының даму деңгейінде төмен және өте төмен көрсеткішті көрсетті. Бұл төмендегі жағдайлармен шартталған

- Белгілі объектіде ойын жеткіліксіз дәрежеде жинақтауы, жиі алаң болуы;
- Жіберілген қателіктер мен түзетулердің көп болуы;
- Тапсырманы жәй орындауы;

Зейінді аударуға "Қызыл-қара кесте" әдісі ұсынылған еді.

Көптеген сыналушылар әдістегі тапсырмаларды орындау кезінде үлкен қиындықтарға тап болды.

Тапсырманың бірінші кезеңінде, яғни, қара сандарды 1-12 санын табу қажет болғанда, не 1-2 сынып оқушыларында не 3-4 сынып оқушыларында қиындық туындаған жоқ. Тапсырманың екінші кезеңінде 12-1 дейінгі қызыл сандарды табу керек еді, яғни керісінше тәртіпте. Қиындықтар 1-2 сынып оқушыларында туындады, себебі олардың кейбірі керісінше тәртіпте санай алмайды екен. Тапсырманың үшінші кезеңінде үзіліс (кезек) бойынша жоғары қарай санауда (оң тәртіпте) және төмен қарай санауда (керісінше тәртіпте) 1-2 және 3-4 сыныптың сыналушылары шатасты. 1-2 сыныптың көптеген оқушылары "мен істей алмаймын", "Істегім келмейді", "Есімде емес" деп тапсырманы орындаудан бас тартты. Ал, тапсырмадан бас тартпағандар қара санның атауын атаған кезде, соңғы қызыл санның қандай болғанын есте тез сақтай алмады. Ал саннан кейін қандай сан болғанын бақылай білгендердің өзі тапсырманы өте жай орындады. Экспериментатор "Қызыл-қара кесте" әдісін пайдалану кезінде сыналушылардың тапсырманы түсінудегі қиындықтарына кез келді. Кейбір балалар (4-5 рет жәй түсіндіргеннің өзінде) әдістегі тапсырманың мағынасын әрең түсінді. Бұл түсінудегі ойының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті.

Сонымен қалыпты зейін аудару бойынша 6-7 жастағы сыналушылар 13,4 пайызды, 8 жастағы сыналушылар 15,8 пайызды, 9 жастағы сыналушылар 20 пайызды, 10 жастағы сыналушылар 28,8 пайызды көрсетті. Зейін аудару бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіші сыналушылардың 19,5 пайызында ғана дамығанын көрсетті. Сыналушылардың 80,5 пайызы төмен және өте төмен дейгейді көрсетті. Бұл төмендегі жағдайлармен байланысты болды:

- сенсомоторлық реакцияның төменгі темпі;
- жіберілген қателіктердің үлкен саны;
- тапсырмаларды жәй орындау;
- сыртқа жиі алаңдау;
- түсіну ойының жеткіліксіз қалыптаспауы;

Зейіннің бағдарлау-іздеу жылдамдығын, зейінінің беріктігін, жұмыс істеу қабілетінің динамикасын зерттеу үшін "Шульте кестесі" әдісі пайдаланылды.

Әдіс нұсқаулығы бойынша кездейсоқ құрандылықта орналасқан, барынша қысқа уақыт 1-ден бастап 25-ке дейін сандарды табу керек болды. Әр кестедегі жұмыс уақыты белгіленеді.

Зейінін бағдарлау жылдамдығының зерттеу нәтижесі бірінші сыныптың (6-7 жас) сыналушылары зейіннің даму деңгейінің төменгі және өте төменгі нәтижесін көрсетті. Екінші сынып оқушыларының (8 жас) нәтижелері бірінші сынып оқушаларынан сәл жоғары нәтижені көрсетті. 5,3 пайыз зейінін бағдарлау жылдамдығы бойынша

сыналғандардың қабілеті норманы көрсетті, үшінші сыныптың сыналған оқушылары (9 жас) 9 пайызды және төртінші сыныптың сыналған оқушылары (10 жас) 19,2 пайызды көрсетті.

Барлық жас бойынша сыналғандар көп уақытын әдістің тапсырмаларын орындауға кетірді. Кездейсоқ тәртіпте орналасқан 1-ден бастап 25-ке дейінгі сандарды табуға нұсқаулықта көрсеткеннен орташа 2-3 және одан көп уақытты көрсетті.

Барлық жас бойынша зейінін бағдарлау жылдамдығының орташа көрсеткішінің қалыптасқаны 8,4 пайызды және қалыптаспағаны 91,6 пайызды анықтады.

Сонымен, зейінін бағдарлау жылдамдығын зерттеу нәтижелері сыналғандардың көпшілігіне келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді.

- зейінді бағдарлау жылдамдығының төмендігі;
- белсенділіктің және жұмыс істеу қабілетінің төмендігі;
- тапсырмаларды орындау кезіндегі жіберілген қателіктердің үлкен саны.

Зерттеудің нәтижесі бойынша қортындылар жасауға болады. Сыналғандардың зейінді болу көлемінің даму деңгейі орташа деңгейде дамыған және зейіннің басқа да қасиеттеріне, яғни ойды жинақтау, көңілді аудару, зейіннің бағдарлау жылдамдығының нормасына сәйкеседі. Олар негізінен төменгі және өте төменгі дейгейде дамыған.

Зейінді болуды дамыту бойынша барлық пайдаланылған әдістердің орташа көрсеткіші сыналушылардың 31,8 пайызы қажетті деңгейде дамығанын, сыналушылардың жалпы санынан 68,2 пайызы норманың төмендігін көрсетті.

Зейінді болуды зерттеу нәтижелері бойынша көптеген сыналушылардың қасиеттер мен зейінді болу сапасының жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетті.

- зейіннің бағдарлау жылдамдығының төмендігі – 8,4 пайызы;
- ойын бөлу, көңіл аудару – 19,5 пайыз;
- ойын жинақтау – 26,8 пайыз;
- зейінді болу көлемі – 72, 6 пайыз

Зерттеу нәтижесінде зейінді дамытудың жастық ерекшеліктері анықталды. Сонымен, барлық жас тобының зейінді болу концентрациясы бір деңгейде десе де болады. Көңілді аудару және зейіннің бағдарлау жылдамдығының 1 сыныптан 4 сыныпқа дейін елеусіз жас динамикасы бар. Зейінді болу көлемінің деңгейінде айтарлықтай жас динамикасы бар. Сонымен, сыналушыларда оқу қиындықтарының себебі бола алатын зейінді болу ерекшеліктерінде төмендегідей кемшіліктер байқалды. Олар ойын тоқтату, ой тұрақты-лығы, көңілді аудару, зейінін бағдарлау жылдамдығындағы – дамудың төменгі деңгейі;

- көңілдің ішкі, ерікті реттеудің қалыптаспауы;
- тапсырмаларды орындаудың төменгі жылдамдығы;
- түсіну ойының жеткіліксіз қалыптаспауы

Зерттеудің нәтижелері зейінді дамыту деңгейі мен оқушылардың үлгерімділігі арасында байланыс бар екенін көрсетті. Зейіннің жақсы ұйымдастырылуы сәтті оқудың негізгі факторы болып табылады. Өте жақсы зейінмен ерекшеленген барлық оқушылар, зейінін жинақтай алмайтын оқушылардан жақсы оқиды. Зерттеудің нәтижелері 1 кесте көрсетілген.

**Есте сақтаудың даму деңгейін анықтау.** Эксперименттің екінші бөлімінің мақсаты есте сақтау қабілетінің дамуын зерттеу болады. Қысқа уақыттық, ұзақ уақыттық және логикалық есте сақтау түрлерін зерттеу үшін үш әдіс таңдалды. "Оперативті есте сақтау" әдісі қысқа уақытты есте сақтау қабілетін дамыту деңгейін зерттеу үшін қолданылады. Әдіс тапсырмасы бойынша сыналушылар зерттеушілердің оқыған сандарын есте сақтап, оның бірін екіншісімен, екіншісін үшіншісімен, үшіншісін төртіншісімен төртіншісін бесіншісімен ойша реттеп қою керек. Алынған төрт тапсырмаларды бланктың сәйкес бетіне жазу қажет. Әдіс тапсырмасы баланың жастық ерекшеліктерін есептейді. 6-8 жастағы бала 4 санды, 9-10 жастағы бала 5 санды есте сақтайды. Әдістің нәтижесін бағалау сондай-ақ, жас ерекшелігі есептеледі (1-кесте).

## 1-кесте – Зейінді зерттеу нәтижелері

Әдістеменің атауы	Неге бағытталған	Сыналушылардың жасы мен саны	Даму деңгейі					
			Жоғары		Орта		Төмен	
			Абс.с	%	Абс.с	%	Абс.с	%
"Корректурлық байқау"	Зейін көлемі	6-7 жас (6 орындаушы)	1	16,7	2	33,3	3	50
		8 жас (8 орындаушы)	2	25	3	37,5	3	37,5
		9 жас (10 орындаушы)	3	30	5	50	2	20
		10 жас (12 орындаушы)	5	41,3	5	41,6	2	16,6
"Корректурлық байқау"	Ойын (зейінін жинақтау)	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	1	16,7	5	83,3
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	2	25	6	75
		9 жас (10 орындаушы)	-	-	3	30	7	70
		10 жас (12 орындаушы)	-	-	4	33,3	8	66,7
"Қызыл-қара кесте"	Зейінді (көңілді) аудару	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	1	16,7	5	83,3
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	2	25	6	75
		9 жас (10 орындаушы)			3	30	7	70
		10 жас (12 орындаушы)			4	33,3	8	66,7
"Шульте кестесі"	назардың (қараудың) бағдарлау-іздеу жылдамдығы	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	-	-	6	100
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	1	12,5	7	87,5
		9 жас (10 орындаушы)			2	20	8	80
		10 жас (12 орындаушы)			3	25	9	75

Зерттеу нәтижелері 6-7 жастағы сыналғандардың қысқа уақытта есте сақтау қабілеті 53,3 пайызды, 8 жастағы сыналғандардың қысқа уақытта есте сақтау қабілеті 65,8 пайызды, 8 жастағы сыналғандардың қысқа уақытта есте сақтау қабілеті 65,8 пайызды, 10 жастағы сыналғандардың қысқа уақытта есте сақтау қабілеті 65,4 пайызды көрсетті. Қысқа уақытта есте сақтау қабілетін зерттеу бойынша орташа көрсеткіш нәтижелері сыналған балалардың 62,8 пайызында есте сақтауы норма екенін, 37,2 пайызында нормадан төмен екенін көрсетті. Зерттеу нәтижесі сыналғандардың көпшілігінде есте сақтау қабілетінің бұл түрі нормада болғанымен, олардың ішінде де төменгі және өте төменгі деңгейдің де бар екенін көрсетті.

Әдістің тапсырмасын орындау кезінде көпшілігі қатардағы 10 сандарды қоюға қиналды. Олар 1-2 сыныптың оқушылары, оның ішінде 3-4 сыныптың оқушылары да кездеседі.

Жанама есте сақтау қабілеті ассоциативтік, логикалық есте сақтау қабілетінің сипатын анықтауға арналған. Ол мектептегі оқу кезінде қажетті интеллекттік қызмет сапасының қалыптасу деңгейі туралы талқылауға мүмкіндік береді.

Әдістің мақсаты білгір экспериментатордың карточканы сөз етіп жинап, сөзді есте сақтауға негізделген. Карточканы жинап, сөз жасауға 15-20 минут кетеді.

Бұл әдіс бастауыш сынып жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескереді. 6-7 жастағы балаларға нақты сөз сериялары мен суреттер, 8-10 жастағы балаларға шамалы ойланып, құрастыратын міндеттер тапсырылды. Зерттеу барысында баланың қызметі мен тәртібі бақыланды. Тапсырманы орындау кезінде балалар нұсқаны өте жай түсініп, карточканы сұрыптауға көп уақыт кетті, ал кейбір карточканы қажетті ассоциация (ойға байланыссыз) бойынша емес, логикалық түсініктеме берместен стихиялық түрде таңдап, кейбіреулері сөздерді жасауға көп уақыт кетірді. Жанама есте сақтау әдісі бойынша логикалық есте сақтау қабілетін зерттеу мынадай нәтижені көрсетті. 6-7 жастағы сыналғандар 26,4 пайызды, 8 жастағы сыналғандар 31,5 пайызды, 9 жастағы сыналғандар 35,6 пайызды, 10 жастағы сыналғандар 46,2 пайызды көрсетті. Барлық жас тобы бойынша логикалық есте сақтауды дамыту деңгейін диагностикалық зерттеудің жалпы нәтижелері логикалық есте сақтау сыналушыларда 34,9 пайызға нормада болып, дамығанын, 65,1 пайызда нормадан төмен болғанын көрсетті.

Сонымен, әдіс төмендегідей сипаттап беруге болатын сыналушылардың оқудағы қиындықтарына сапалы талдау жасады:

- көптеген сыналушыларды ассоциативтік байланыс көлемінің жеткіліксіз болуы және ассоциативтік байланысты өз бетінше орнатуға тәжірибесінің жеткіліксіз болуы;
- қабылдауының жеткіліксіз нақты және анық болмауы және сөйлеу кезінде оларды өзектей алмауы және онымен еркін жұмыс істей алмауы;
- түсініудің, ойланудың төменгі деңгейі;
- талдау негізінде ой қорытындысын қалыптасу қабілетінің төменгі деңгейі;
- есте сақтауды өз бетінше, ерігінше реттеудің төмен деңгейі

"Ұзақ уақыт есте сақтау" әдісі ұзақ уақыт есте сақтау қабілетінің деңгейін зерттейді. Эксперименттік нұсқау келесі міндеттерден тұрады. Экспериментатор сыналушыға таныс 10 сөзді бірнеше рет оқып береді. Ал жауабын сыналушыдан 7-10 күннен кейін сұрайды.

Ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін психодиагностикалық зерттеу нәтижелері 6-7 жастағы сыналушылардың ұзақ уақыт есте сақтау қабілеті бойынша 16,7 пайызға, 8 жастағы сыналушылар 26,3 пайызға, 9 жастағы сыналушылар 26,7 пайызға және 10 жастағы сыналушылар 34,6 пайызға жауап беріп, дамудың орта деңгейін көрсетті. "Ұзақ уақыт есте сақтау" әдісі бойынша сыналушылардың ұзақ уақыт есте сақтау қабілетінің дамуының орта көрсеткіші 26,1 пайыз норманы және 73,9 пайыз нормадан төмендігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерінде көрсетілгендей, көптеген сыналушылар ұзақ уақыт есте сақтау бойынша төменгі және өте төменгі нәтижені көрсетті.

Мысалы: 3 б сыныбының оқушысы Н. Бауыржан зерттеу өткізу кезінде 9 жас, 5 айда.

Экспериментатор оған "мен қазір саған бірқатар сөз оқимын Ал сен есіңе сақтауға тырыс. Дайындал, бар ықыласыңмен тыңда! үстел, сабын, адам, шанышқы, кітап, пальто, балта, орындық, дәптер, сүт. Содан 5 рет оқылғаннан кейін бала есіне қатардағы сөздерді есте сақтайды. Содан кейін балаға аталған ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтау керектігі ескертілді. Бір апта өткеннен кейін экспериментатор Бауыржаннан "Өткен жолғы сөздер есінде қалды ма; мен саған оны бірнеше рет оқып, есте сақтауыңды сұрап едім ғой, Қәне, айтып берші" дейді. Бауыржан "сүт, орындық" деді де әрі қарай ұмытып қалды "тағы балта бар" деді. Әр қарай есте сақтауға тырысқанымен, ештеңе айта алмады.

Сонымен, бала аталған 10 сөздің 3 ғана айта алды. Бұл ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтаудың төменгі деңгейін және ұзақ уақыт есте сақтаудың кішкентай көлемін көрсетті. Есте сақтаудың орташа көрсеткіштердің нәтижесін талдау сыналушылардың 41,2 пайызында ұзақ уақыт есте сақтау қабілеті норманы, 58,8 пайызында нормадан төменді көрсетті. Ұзақ уақыт есте сақтау қабілетінің зерттеу нәтижелері 2 кестеде көрсетілген. Зерттеу кезінде сондай-ақ, есте сақтау қабілетінің жастық ерекшеліктерін анықтады. Қысқа уақыт, логикалық, ұзақ уақыт есте сақтау қабілетінің бір жас тобынан өсіп жатқан



жас тобына ауы бойынша елеусіз динамика байқалады. Сонымен, аталған эксперименттің нәтижесінде оқудағы қиындықтар бойынша есте сақтау қабілетінің келесі психологиялық сипаттамалары анықталды.

- көптеген сыналушылардың қысқа уақытқа есте сақтау қабілетінің жеткілікті болуы;

- көптеген сыналушылардың ассоциативтік байланыстарының жеткіліксіз болуы және ассоциативті байланыстарды өз бетінше орындау бойынша тәжірибесінің жетіспеуі;

- есте сақтаудың өз бетінше, өз қалауы бойынша реттеудің төменгі деңгейі;

- анемикалық әдістермен және тәсілдермен игере алмауы; қызметтің төменгі (мотивациясы) дәлелі;

- танымдық жұмыстарды орындау кезіндегі белсенділіктің, қызығушылықтың және өз бетінше орындаудың төмені деңгейі;

Сонымен есте сақтаудың нәтижелері бойынша кіші мектеп жасындағы балалардың есте сақтауы деңгейі мен үлгерімділігі арасындағы байланыс бойынша қорытынды жасауға болады.

Есте сақтау қабілеті – жетістікпен оқу үшін негіз болып табылатын, айтылған ақпаратты сақтайтын, кіші сыныптағылар үшін маңызды зор психикалық процесстердің бірі. Бұл жағдайда жалғыз ақпаратты есте сақтау көлемі мен тез есте сақтау қабілеті емес, сондай-ақ, оның дәлдігі мен ақпарат уақытын есте сақтау маңызды. Демек, кіші мектеп жасындағы балалардың оқудағы қиындықтарының бір себебі – есте сақтау қабілеті мен қасиетінің жеткіліксіз болуы ғана емес, сондай-ақ, ақпаратты сақтау және оқуды дәлелдеу еркінің дәрежесі болып табылады.

**Ойлаудың даму деңгейін анықтау.** Эксперименттің үшінші мақсаты – ойлауды дамуын зерттеу. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың ойланудағы ерекшеліктерін психодиагностикалық зерттеу – ойлану түрі, операциялық өрісінің қалыптасуы, түсініктің қалыптасуы, талқылау сапасы, ой қортындысы, ойланып орындайтын тапсырмаларды шешу әдістері арқылы анықтауға болады.

**Көрнекі – бейнелі ойлаудың даму деңгейін анықтау.** Көрнекі – бейнелі ойлану әрекетін игеру дәрежесін анықтау үшін (Н.Ф.Талызин-нің) "Лабиринт" әдісі пайдаланылған еді. Әдіс міндеті бірінен соң бірі күрделен түсетін 10 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырмаға қосымша хат беріледі. Оны дұрыс оқу шешімнің кілті болып табылады. Алғашқы екі тапсырма кіріспе болып табылады және оны экспериментшілер бағаламайды. Шешім нәтижесінде әр тапсырма сайын бала белгілі бір баллдан жинап, зерттеу сонымен қорытындыланады. Барлық баллдар бойынша жиналған балл соммасы – баланың көрнекі-бейнелі ойлануының қалыптасқандығының көрсеткіші болып табылады (2-кесте).

Ойланудың әр жастық топ бойынша көрнекі-бейнелі ойлануды зерттеу нәтижесі 6-7 жастағы сыналған балалардың аталған ойлану қабілеті бойынша 30 пайызға, 8 жастағы сыналған балалардың аталған ойлану қабілеті бойынша 42,1 пайызға, 9 жастағы сыналған балалардың қабілеті - 42,2 пайызға, 10 жастағы сыналған балалардың қабілеті - 57,7 пайызға қалыптасқанын көрсетті. "Лабиринт" әдісі бойынша барлық жас тобындағы сыналушылардың жалпы саны көрнекі-бейнелі ойлану диагностикасының нәтижесі бойынша 43 пайызға қалыптасқанын, 57 пайыз қалыптаспағанын көрсетті. Сонымен, оқуда қиыншылықтары бар көптеген сыналушылардың көрнекі-бейнелі ойлануының қалыптаспағанын көрсетті.

Бағдарлауы тура емес балалар қажетті объектіні тауып алуға тырысқанымен, олардың таңдауы кездейсоқтық болады. Бұл шынайы жағдаятқа сұлбаны қатынастыра алмағандығынан, яғни, көрнекі-бейнелі ойланудың дамымағанынан болады. Ойлану әрекетінің қалыптаспауы бейнелермен ойша әрекет ету қиындығына алып келеді. Бұндай балалар заттармен шынайы әрекет ету жолын елестете алмай, алдында тұрған тапсырмаларды шешуге қабілетті болмайды.

## 2-кесте – Есте сақтауды зерттеу нәтижелері

Әдістеменің атауы	Неге бағытталған	Сыналушылардың жасы мен саны	Даму деңгейі					
			Жоғары		Орта		Төмен	
			Абс.с	%	Абс.с	%	Абс.с	%
"Оперативтік есте сақтау"	Қысқа уақытқа есте сақтау	6-7 жас (6 орындаушы)	1	16,7	2	33,3	3	50
		8 жас (8 орындаушы)	2	25	3	37,5	3	37,5
		9 жас (10 орындаушы)	3	30	5	40	2	20
		10 жас (12 орындаушы)	5	41,3	4	33,3	2	33,4
"Ұзақ уақытқа есте сақтау"	Ұзақ уақытқа есте сақтау	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	1	16,7	5	83,3
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	2	25	6	75
		9 жас (10 орындаушы)	-	-	2	20	8	80
		10 жас (12 орындаушы)	-	-	3	25	9	75
"Жанама есте сақтау"	Ассоциативті, логикалық есте сақтау сипатын анықтау	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	1	16,7	5	83,3
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	2	25	6	75
		9 жас (10 орындаушы)			3	30	7	70
		10 жас (12 орындаушы)			4	33	8	66,7

**Логикалық ойлаудың даму деңгейін анықтау.** Балалардың логикалық ойлауын дамыту деңгейін анықтау үшін "Салмақ пен ұзындықты есте сақтау түсінігін зерттеу" әдісін қолдандық.

Әдісті өткізу мақсаты баланың сандардың, шаманың (масса мен ұзындықтың) принципін түсінуін, өзінің тікелей қабылдауына деген сенімін, болмаса оның заттарды ол ойлағаннан басқаша болатынын түсінетінін анықтауға көзделген. Әдіс ойланудың балалық эгоцентризмді барын, "Пиаже феномендерін" зерттеуге бағытталған.

Масса мен ұзындықтың сақталу түсінігін зерттеудің нәтижесі бойынша 6-7 жастағы сыналушылар түсінігінің 30 пайызға, 8 жастағы сыналушылардың 39,5 пайызға, 9 жастағы сыналушылардың 44,4 пайызға, 10 жастағы сыналушылардың 46,1 пайызға қалыптасқанын көрсетті. Зерттеу нәтижесі бойынша барлық жас тобындағы сыналушылардың масса мен ұзындықтың сақталу түсінігіне логикалық ойлануы - 40 пайыз норманы және 60 пайыз нормадан төменді көрсетті.

Сонымен, оқуда қиындықтары бар көптеген сыналушылар аталған міндетті өзі сезініп жатқан тұрғыдан емес, қабылданған тұрғыдан шешеді. Олар үшін шаманың, санның сақталу принципі түсініксіз. Ойланудың балалық эгоцентризмді, "Пиаже феномендерінен" байқалады. Ж. Пиаже Эгоцентризмді - жеке субъективтік көзқарас сезімінің жоқтығы және заттардың объективті өлшемінің болмауы деп түсінген. Ол эгоцентризмді баланың барлық әлемге өзі сезінбей тұрған тұрғыдан қарауы деп түсіндірген. Мысалы: М. Мақсат, 1 сынып оқушысы. Зерттеу кезіндегі жасы 7 жыл, 5 ай

Экспериментатор балаға екі пластилиннен жасалған кіші шарды көрсетіп, екі шарды бірдей етіп теңестіруді сұрайды. Содан кейін бала екі шардың пластилинді бірдей көлемде екеніне көз жеткізеді. Экспериментатор: «Міне екі шар. Егер біз бұны тәтті нанның қамыры деп жейтін болсақ, яғни екеуіміз екі шарды жейтін болсақ, қайсымызда

көбірек болады? Әлде бірдей бола ма?» - дегенде бала сәл ойланып, «иә бірдей болады». Бұдан кейін экспериментатор бір шарды алып оны 8 см етіп сопақша, жазық пішінге өзгертеді. «Енді менің қолымдағы жазық, сопақшадағы пластилин мен шардағы пластилин бірдей ме? Әлде қайсысында көп?» Мақсат «мында көп деп жазық, сопақша пішінді көрсетті. «Неге, қайдан білесің? – деген сұраққа, өйткені бірі қалың, екіншісі жұқа»-деп жауап берді. Бала экспериментатордың жанама дерегіне мән беріп тұрған жоқ, өзінің көзқарасында тұрып алған. Экспериментатор қарашы, мына сопақша, жазық пішінге ол жұп-жұқа. Саған шар пішінде қамыр көбірек сияқты емес пе? деп сұрайды. Бала берместен, «Ол тандыр нан секілді, ұзақ жейсің, ал шардағыны тез жейсің».

Ұзындықтың сақталу түсінігін зерттеу кезінде осындай жауаптарды алдық.

«Ерекше жағдай әдісі» қорыту әдістерін бағалауға, елеулі белгілерді бөлуге, баланың ойлану түрінің приоритеттерін анықтауға, ойлану қызметінің жеке екі жөнінде дерек алуға, өз ой-пікірін айтып, ой қортындысын жасауға мүмкіндік береді.

Әдіс он екі міндеттен құралады. Әр қайсысында бес сөз бар, оның төртеуі бір текті болып, жалпы белгі бойынша біріктірілуі мүмкін. Сыналушы олар үшін жалпылама сөз табу керек.

Сыналушылардың жас ерекшеліктерін есептеу үшін, 6-7 жастағы балалар суретті вариант, 8-10 жастағы балаларға ауызша вариант ұсынылды.

Барлық жастағы топты диагностикалық зерттеу нәтижесі бойынша 6-7 жастағылар 30 пайызды, 8 жастағылар 36,9 пайызды, 9 жастағылар 40 пайызды, 10 жастағылар 51,9 пайызды құрады. Яғни 10 жастағылар жоғары және орташа ойлану процесстер деңгейіне ие болған. «Ерекше жағдай» әдісі жалпылау, жинақтау бойынша дамудың 39,7 пайызбен норма болғанын және 60,3 пайызбен нормадан төмен болғанын көрсетті.

Тапсырманы орындау кезінде балаларды бақылау негізіне, сондай-ақ, дұрыс орындалған тапсырмалар көлемі мен уақытының көлемі негізінде оқуда қиындықтары бар балалардың ауызша-логикалық ойлау қортындылары төмендегі сипатты көрсетті.

- түсініктің жеткіліксіз қалыптасуы (заттардың және құбылыстардың негізгі, елеулі нышанын мүшелеу, елеулі нышан бойынша заттарды біріктіру);

- ойлану операциясы (талдау, синтездеу, жалпылау болмаса жинақтау) кезінде қалыптасудың төменгі деңгейі;

- тапсырмаларды түсіну қабілетінің және ауызша деңгейде ойланып істейтін шешімдерді шығарудың төменгі деңгейі;

- өз таңдауын негіздей алудың төменгі деңгейі;

- ойланудың ішкі және ерікті реттеуінің төменгі дәрежесі, тапсырмаларды орындау кезінде үнемі сыртқы ынталандыру талап етіледі.

Ойлауды зерттеуге арналған жалпы нәтижелерді талдау сыналушылардың 40,9 пайызының ойлану қабілетінің қалыптасқанын, 59,1 пайызының ойлау қабілетінің қалыптаспағанын көрсетті. Аталған нәтиже 3-ші кестеде көрсетілген.

Оқушылармен және мұғалімдермен қосымша сөйлесу сыналушылардың танымдық қызметінің дамуы жөнінде мәлімет берді. Сонымен, бұл балалар шектеулі ой қабілетімен, қоршаған ортадағы әлсіз бағдарлауымен сипатталады. Мысалы, олар өздері тұрып жатқан, қала, ел жайында, жануарлар, өсімдіктер, жыл мезгілдері жайында айтып бере алмайды. Тіпті, тікелей өзін қоршаған орта жайындағы әңгімесі жиі үзіліп, жүйесіз айтады. Зерттелген балалар ешқашан ертегі, әңгіме, өлең оқымаған балалар. Мұражайға, кинотеатрға, циркке бармаған балалар. Бұл отбасының жағымсыз тәрбиесіне және бала дамуының микроәлеуметтік ортасымен шартталған. Үштен екі бөліктегі балалардың отбасы жағдайы жоғары әлеуметтік қауіпте тұрғандықтан, оларға мүлде мән берілмегендігін психикалық даму тұрғысынан қалыс қалуы себеп болған.

Үнемі болатын рухани қанағаттанбаушылық оларды рухани тұрғыдан нашар қылады. Дегенмен, тұрмыстық бағдар мен берекесіз отбасыдан баланың жасы нормадан асып тұрса да, өзіне-өзі қамқор болу керек болғандықтан оқудан озат болмайды.

### 3-кесте – Ойлауды зерттеу нәтижелері

Әдістеменің атауы	Неге бағытталған	Сыналушылардың жасы мен саны	Даму деңгейі					
			Жоғары		Орта		Төмен	
			Абс.с	%	Абс.с	%	Абс.с	%
Лабиринт	Көрнекі–бейнелі ойлау	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	2	33,3	4	66,7
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	3	37,5	5	62,5
		9 жас (10 орындаушы)	-	-	4	40	6	60
		10 жас (12 орындаушы)	-	-	5	41,6	7	58,4
Сақталу түсінігін зерттеу әдісі	Ойлаудың балалық эгоцентризмін барын зерттеу	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	2	33,3	4	66,7
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	3	37,5	5	62,5
		9 жас (10 орындаушы)	-	-	4	40	6	60
		10 жас (12 орындаушы)	-	-	5	41,6	7	58,4
"Ерекше жағдай"	Жинақтау, жалпылау дамуының деңгейі	6-7 жас (6 орындаушы)	-	-	1	16,7	5	83,3
		8 жас (8 орындаушы)	-	-	3	37,5	5	62,5
		9 жас (10 орындаушы)	-	-	3	30	7	70
		10 жас (12 орындаушы)	-	-	4	33,3	8	66,7

Зерттеу кезінде сондай-ақ, ойлануды дамыту бойынша жас ерекшеліктері анықталды. Жас динамикасының елеулі көрінісі ретінде көрнекі-бейнелі ойлаудың даму нәтижесін бақылай аламыз.

Логикалық және ауызша – логикалық зерттеу нәтижелері бойынша бір жас тобынан екінші жас тобына елеулі дәрежесі аз болса жастық динамика байқалды. Диагностикалық зерттеу нәтижелерінің жалпы қортындысы ойлау қызметін дамыту бойынша мынадай қортындыларды жасауға мүмкіндік берді.

- көрнекі – бейнелі ойлаудың жеткіліксіз деңгейі;
- балалық эгоцентризмді ойлаудың бары;
- ауызша – логикалық ойлаудың төменгі деңгейі;
- ойлау ішкі, ерікті реттеудің төменгі дәрежесі
- қызмет дәлелінің төменгі деңгейі;
- белсенділіктің, танымдық қызметте өзімен-өзі болудың төменгі деңгейі байқалды.

- Сонымен, танымдық сферадағы диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша келесі қортындыларды жасауға болады. Ең төмен көрсеткіштер зейінді дамыту деңгейі бойынша анықталды, ол тек сыналушылардың 31,8 пайызында қалыптасқан, ойлау 40,9 пайызға, есте сақтау 41,2 пайызға қалыптасқан.

**Қорытынды.** Жазбаша сұрау, мұғалімдермен, ата-аналармен сөйлесу, психодиагностикалық зерттеу, балаларды бақылау арқылы ақпараттары жиналған талдауы бар экспериментті зерттеу нәтижелері келесі қортындыларды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, кіші мектеп жасындағы балалардың үлгермеушілігі төмендегі жағдайлармен шартталған болуы мүмкін:

- зейін дамуының жеткіліксіз деңгейі (68,2%);
- ойлауды дамытудың жеткіліксіз деңгейі (59,1%);
- есте сақтау қабілетінің дамуындағы жеткіліксіз деңгей (58,8%).

Белгіленген эксперименттің нәтижелері қалыптаспаудың жоғары пайызы зейінді, ойлау және есте сақтау қабілетін көрсетті.

Аталған жұмыс үлгермеушіліктің жалғыз бір себеппен емес, жиынтық құбылыспен шартталатыны жөніндегі бағамды растады. Л.С.Славина «үлгермеушілік себебінің көрінісі ала-құла, осындай бірқатар оқиғаларда үлгермеушілік бір емес, бірнеше себепке ұласып, бір-бірінің астында қалып қоюы мүмкін» – деп әділ байқаған [15].

Танымдық сфераны дамытудың жеткіліксіз деңгейімен шартталған үлгермеушілік - 1 және 4 сынып оқушылары арасында зейінді, есте сақтауды және ойлауды дамыту бойынша жастық динамиканың елеусіз дәрежеде бар екенін білдіреді.

Динамикалық сипаты бар білім мен оқу қызметінің жолдарын меңгеру жолдары ретінде анықталатын оқу ерекшеліктерінің өзекті мәселесі, жалғыз бар жағдайды белгілеп қана қоймай, бір шамада оқушының әрі қарай даму сипаты мен екпінін болжай алады.

Егер үлгермеушілік жиынтықтық құбылыс бола тұрып тек бір себеппен шарттала алмайтын болса, онда бұл мәселенің шешімі жиынтықты сипатта болуы қажет.

### Әдебиеттер:

- [1] **Пиже, Ж.** Психология интеллекта. – Питер, 2004
- [2] **Выготский, Л.С.** Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2012
- [3] **Блейлер, Э.** Естественная история души и её самосознание. Элементарная психология. Берлин, 1921.
- [4] **Кречмер, Э.** Строение тела и характер: Исследования в области проблемы конституции и учения о темпераментах / Пер. с 3-го нем. изд. В.М. Слонимской. – Киев: Гос. изд-во Украины, 1924.
- [5] **Карпов, А.В.** Творчество душевнобольных и его влияние на развитие науки и техники, 4-е изд., перераб. и доп. (Серия «Учебники, учебные пособия».) – Ростов н/Д: Феникс, 2001.
- [6] **Кратохвил, С.** Художественное творчество глазами врача. – СПб.: Наука, 1992.
- [7] **Леонтьев, А.Н.** Групповая психотерапия. – СПб.: Питер, 2000.
- [8] **Рубинштейн, С.Л.** Психотерапевтическая энциклопедия / Под ред. Б.Д. Карвасарского. – СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 1024 с.
- [9] **Петухова, И.А.** Практикум по арт-терапии/ Под ред. А.И.Копытина. – СПб: Питер, 2000. – 448 с.
- [10] Практикум по психодиагностике/ Сост. Э.В. Маруга – Балашов, 1997.
- [11] **Байғазиева, Г.** “Жаңа Педтехнология”. // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 ж. 53-54 б.
- [12] **Столяренко, Л.Д.** Основы общей психологии. 4-е изд., перераб. и доп. (Серия «Учебники, учебные пособия».) – Ростов н/Д: Феникс, 2001. – 672 с.
- [13] **Торндайк, Э.** Практикум по общей психологии: Учебное пособие. – М.: Изд-во института Психотерапии, 2001. – 224 с.
- [14] **Джакупов, М.С.** Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы, 2002
- [15] **Славина, Л.С.** Детский психолог – Мероприятия. Семинар. Арттерапия: основы теории и практик метода. URL: [www.childpsg.ru](http://www.childpsg.ru). (дата обращения 22.09.2023)

### References:

- [1] **Piazhe, ZH.** Psihologiya intellekta. – Piter, 2004. [in Russian]
- [2] **Vygotskij, L.S.** Myshlenie i rech'. – M.: Labirint, 2012. [in Russian]
- [3] **Blejler, E.** Estestvennaya istoriya dushi i eyo samosoznanie. Elementarnaya psihologiya. Berlin, 1921. [in Russian]
- [4] **Krechmer, E.** Stroenie tela i harakter: Issledovaniya v oblasti problemy konstitucii i ucheniya o temperamentah / Per. s 3-go nem. izd. V.M. Slonimskoj. –Kiev: Gos. izd-vo Ukrainy, 1924. [in Russian]
- [5] **Karpov, A.V.** Tvorchestvo dushevnobol'nyh i ego vliyanie na razvitie nauki i tekhniki, 4-e izd., pererab. i dop. (Seriya «Uchebniki, uchebnye posobiya».) – Rostov n/D: Feniks, 2001. [in Russian]
- [6] **Kratohvil, S.** Hudozhestvennoe tvorchestvo glazami vracha. SPb.: Nauka, 1992. [in Russian]
- [7] **Leont'ev, A.N.** Gruppovaya psihoterapiya. – SPb.: Piter, 2000. [in Russian]
- [8] **Rubinshtejn, S.L.** Psihoterapevticheskaya enciklopediya / Pod red. B.D. Karvasarskogo. – SPb.: Izdatel'stvo «Piter», 2000. – 1024 s. [in Russian]
- [9] **Petuhova, I.A.** Praktikum po art-terapii/ Pod red. A.I.Kopytina. – SPb: Piter, 2000. – 448 s. [in Russian]
- [10] Praktikum po psihodiagnostike/ Sost. E.V. Maruga – Balashov, 1997 [in Russian]
- [11] **Bajgazieva, G.** “ZHana Pedtekhnologiya”. // Qazaqstan mektebi. № 8. 2005 zh. 53-54 b. [in Kazakh]
- [12] **Stolyarenko, L.D.** Osnovy obshchej psihologii. 4-e izd., pererab. i dop. (Seriya «Uchebniki, uchebnye posobiya».) – Rostov n/D: Feniks, 2001. – 672 s. [in Russian]

[13] **Torndajk E.** Praktikum po obshchej psihologii: Uchebnoe posobie. – M.: Izd-vo instituta Psihoterapii, 2001. – 224 s. [in Russian]

[14] **Dzhakupov, M.S.** Upravlenie poznavatel'noj deyatelnost'yu studentov v processe obucheniya. – Almaty, 2002. [in Kazakh]

[15] **Slavina, L.S.** Detskij psiholog – Meropriyatiya. Seminar. Artterapiya: osnovy teorii i praktik metoda. URL: [www.childpsg.ru](http://www.childpsg.ru). (data obrashhenie 22.09.2023). [in Russian]

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ НЕУСПЕВАЕМОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

**Кенжебаева К.С., Ph.D**  
**Жумабекова М.М., магистрант**

*Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан*

**Аннотация.** Само значение термина неуспеваемость означает, что подготовка учащихся не соответствует образовательным требованиям. Распространены в различных модификациях (модификациях) психологических теорий. В данном контексте рассматриваются не только психологические аспекты исследования, но и данные относительно проблем неуспеваемости, подверженных воздействию психологических факторов. Примерные показатели учащихся в процессе обучения основываются на интеллекте. Интеллект-это интеллектуальность, разумность. В школьной практике показано, что успеваемость ребенка может быть определена путем измерения интеллекта. Интенсивное развитие интеллекта ребенка в процессе обучения объясняется не только организацией познавательной деятельности, но и наследственностью, как показывает генетическая теория Ж. Пиаже.

Является примирительным действием между личностью и окружающей средой. Ни слово, ни визуальный образ сами по себе не оказывают никакого влияния на развитие интеллекта. Чтобы активно манипулировать и исследовать реальные вещи, человек должен действовать сам.

В рамках культурно-исторической теории высшей психической функции известного советского ученого Л. С. Выготского проблема интеллекта рассматривается как умственное развитие ребенка. Доказано в форме культивирования индивидуальности из социализации. Понимание ведущей роли деятельности в развитии ребенка имеет большое значение для практики.

Чем выше уровень организации мыслительной деятельности личности, тем глубже смысл усвоения знаний. Поскольку целью любой деятельности является вооружение личности разносторонними знаниями, умениями и навыками, она оказывает решающее влияние на развитие интеллекта. Человек учится мыслить, овладевая многими способами своей деятельности. В них развивается прессовое мышление, формируется способность действовать в интеллекте, а также содержание знаковых знаний. Интеллектуальная ловкость, приобретаемая в процессе усвоения конкретных знаний, является результатом направленного психологического воздействия.

**Ключевые слова:** мотивация, поведение, обучение, воспитание, образование, педагогические технологии, познание, интерес.

## PSYCHOLOGICAL REASONS FOR THE FAILURE OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

**Kenzhebayeva K.S., Ph.D**  
**Zhumabekova M.M., Master's student**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana city, Kazakhstan*

**Annotation.** The very meaning of the term academic failure means that the preparation of students does not meet educational requirements. They are common in various modifications (modifications) of psychological theories. In this context, not only the psychological aspects of the study are considered, but also the data on the problems of academic failure affected by psychological factors. The approximate indicators of students in the learning process are based on intelligence. Intelligence is intelligence, intelligence. In school practice, it has been shown that a child's academic performance can be determined by measuring intelligence. The intensive development of the child's intelligence in the learning process is explained not only by the organization of cognitive activity, but also by heredity, as shown by the genetic theory of J. Piaget.

It is a conciliatory action between a person and the environment. Neither the word nor the visual image by themselves have any effect on the development of intelligence. In order to actively manipulate and explore real things, a person must act on his own.

Within the framework of the cultural and historical theory of the higher mental function of the famous Soviet scientist L. S. Vygotsky, the problem of intelligence is considered as the mental development of a child. It is proved in the form of cultivating individuality from socialization. Understanding the leading role of activity in child development is of great importance for practice.

The higher the level of organization of a person's mental activity, the deeper the meaning of learning knowledge. Since the purpose of any activity is to equip a person with versatile knowledge, skills and abilities, it has a decisive impact on the development of intelligence. A person learns to think by mastering many ways of his activity. They develop positive thinking, form the ability to act in the intellect, as well as the content of iconic knowledge. The intellectual dexterity acquired in the process of assimilation of specific knowledge is the result of directed psychological influence.

**Keywords:** motivation, behavior, training, upbringing, education, pedagogical technologies, cognition, interest.

## ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ГЕМБЛИНГКЕ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазиев Қ.О., Ph.D

[kazi\\_karas@mail.ru](mailto:kazi_karas@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-0906-8381>

Нәден Ғ.Ж., магистрант

[ngumyr@mail.ru](mailto:ngumyr@mail.ru)

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Бүгінгі күні жасөспірімдеріміздің бойында құмарлықтың жағымсыз түрлері белең алып келеді. Отбасындағы жанжал мен орынсыз дау-дамайлар бала психикасына әсер етеді, жанұядағы түсініспеушілік жасөспірім бойында жағымсыз эмоциялық күйлерді тудырады.

Құмарлық – адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына терең із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция. Психология ғылымында құмарлықты екіге бөліп қарастырамыз: өнер мен білімге, еңбекке деген қызығушылық жағымды құмарлық түріне жатса, дүниеқұмарлық, баққұмарлық, ойынкұмарлық жағымсыз құмарлық түріне жатады. Қазақтың біртуар ақыны Абай атамыз құмарлықтың психологиялық табиғатын жақсы көрсеткен: «Құмарлық кісіге жүк артады, міндеттілік туғызады, міндет борышты етеді, бұлар еңбекке жүктейді, еңбек ғылым мен өнерге ашылған жол».

Адамның ерік-жігерін әлсіретіп, күшін қашырып, психикасын бұзатын ол әрине жағымсыз құмарлықтар. Жағымсыз құмарлық әрекеттері әлеуметтік жағдайы жоғары отбасынан шыққан балаларда да кездеседі. Негізінен, жасөспірімдер қай жағынан болсын әлсіз сипатта болады, олардың бойында әлеуметтік маригинализм кездеседі. Себебі, оларда әлі есею процесі толық аяқталған жоқ, жасөспірімдер көп мәселелерді терең түсіне алмай, бойында құндылықтар жүйесі әлсіз болғандықтан қызығушылықтардың жағымсыз түрлеріне үйір келеді. Тәрбиедегі жағымсыз әрекеттер әлсіз қарсылықты күшейтіп, ата-ана тарапынан қолданылатын жазаланулар жасөспірім көңіл күйінде эмоциялық орнықсыздық тудырып, олардың қызығушылығы құмар ойындарға ауады.

Мақалада жеткіншектердің ойынкұмарлыққа тәуелділігінің психологиялық ерекшеліктері анықталып, эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижелері берілген.

**Тірек сөздер:** тәуелділік, ойынкұмарлық, жеткіншек, дағдарыс, мотив, сезім, эмоция

**Кіріспе.** Құмар ойындар біздің дәуірімізге дейінгі кем дегенде бірінші мыңжылдықта пайда болды және уақыт өте келе ойын-сауықтың кең таралған көзіне айналды. Алайда, өсіп келе жатқан танымалдылығымен қатар, құмар ойындар айтарлықтай қаржылық шығындарға, психологиялық және физикалық қиындықтарға әкелді.

Компьютер адамзаттың өркениет жолымен дамуына ықпал ететін басты құралдардың бірі екені даусыз. Қай салада болмасын компьютер кеңінен қолданылып, адамдар тіпті онсыз өмір сүруін елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Ал компьютерлік ойындар балалардың құмартып ойнайтын ойындарының біріне айналып, оған деген тәуелділігі күннен-күнге артып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы құмар ойындарын психиканың бұзылуына әкеліп соқтыратын, адам ағзасына қауіпті ойындардың қатарына енгізді [1-4].

«21 ғасыр – компьютер ғасыры» деп атап, аудар тағуымыздың өзі осыны дәлелдеп отыр. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі баланың өзі жазу-сызуды білмесе де, компьютердің не екенін жақсы біледі. Демек, бала заманына қарай өседі. Технология тілін жатық біле бермейтін әке-шешелері «қазіргі балалар іштен біле туады» деп те айтып жатады. Компьютерге осыдан 10 жыл бұрын тек қалталылардың ғана қолы жетсе, бүгінгі күні оны әрбір үйден көруімізге болады. Сондықтан болар компьютерлік ойындар балалардың құмартып ойнайтын ойындарының біріне айналды. Енді мамандар зерттеулеріне сүйене отырып, бұл озық технологияларды ұзақ пайдаланудың бала психологиясына кері әсерлерін саралап көрсек. Біріншіден, шамадан тыс ақпараттар



тасқыны баланы енжарлыққа душар ететін көрінеді. Интернетті өзінің бірінші серігі, ал компьютерді «досы» етіп таңдаған жан айналасындағы адамдармен еркін араласу қабілетін лезде әлсіретіп алады екен. Бұл туралы мамандар: «Өзгенің адами мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге жетеді», – дейді. Адамдармен, тіпті өзінің жақын-жуықтарымен, әке-шеше, бауырларымен араласудан қашқақтайтын ондай бала, абайламаса, шынайы мынау өмірді виртуалды, жансыз «өмірге» айырбастап жіберетіндей дәрежеге жетеді екен. «Компьютерге байлану» ауруы негізінен кімдерде пайда болады?» деген сауалға мамандардың жауабы: «негізінен, шынайы өмірде өз-өздеріне сенімсіз, сондай-ақ тұрмыста кездесетін қиын түйіндерді шеше алмайтын адамдар және әке-шеше қарауынан тыс қалған жас балалар аталған ауруға бейім». Олар: «компьютерден тыс жерде тірлік ету уақытты босқа жоғалтқанмен бірдей», – деп есептейді екен [5].

Санкт-Петербургтегі В.М. Бехтерев атындағы Психоневрологиялық институтының ғалымдары компьютерге үйірсектіктің он белгісін көрсетіп берді. Олар: компьютер алдында бір ойынды ойнап бірнеше сағат отыру; ата-аналарымен кикілжіңге бару; үйге кешігіп келу; сабаққа үлгерімі нашарлап; сабаққа жиі бармай қалу; баланың бұрынғы достарымен қарым-қатынасы азаяды; өзі сияқты компьютерге үйірсектермен ғана араласады; күнделікті ақшаға сұранысы көбейеді; берген уәдесін орындамайды; ашуланшақ, мазасыздану мінездері пайда болады; ұйқысы бұзылып, зейіні мен есте сақтау қабілеті нашарлайды; көз жанары төмендейді, басы ауырады, омыртқасының бұзылуы басталады [6].

Шектен шыққан ойынпаздық дерті – «лудомания» деп аталады. Компьютер құмаралық «аддикцияға» шалдықтырады. Бала күнінен бастап, маңызды бір істерге, жауапкершілікке, өз өмірі үшін өзі жауап беретінін сезіндіруге дағдыландырғанмыз дұрыс. Құмар ойын есірткіден де жаман кесапат екенін түсіне тұра, тоқтау қиын. Бұдан шығатын жол қандай? «Компьютерге байлану» сырқатынан арылудың қандай жолдары бар? Не себеп? Көптеген ата-аналар неге оның баласы компьютерлік ойындарға көп әуес болды деген сұрақ қояды? Ол өз уақытын неге зая кетіреді? Уақыты бос болса неге компьютер алдына отыра қалады? деген көптеген сұрақтар туындайды. Бұл сауалға жауаптар – әр алуан. «Ең әуелі, әке-шешенің жіті қадағалауы қажет. Баласының сабағы мен қызығушылығына «қандай бағдарламалар маңызды?» деген сауалды онымен бірге талқылап, шешім қабылдап, ал зияндыларына құлып салып, түрлі технологиялық тыйымдар жасаулары керек» дейді қатысты адамдар [7,8].

Ойынқұмарлықтың пайда болуына алып келетін психологиялық себептер:

- жалғыздық сезімі. Жалғыздық сезімі ойынға итермелейді, ойын барысында бала өзінің уақытының қалай өтіп кеткенін байқамай, ересектердің өзіне бөлмеген көңілін іздемейді. Осы кезде пайда болатын сезім баланы қайтадан ойын автоматтарына әкеледі;
- қанағаттанбаушылық сезімі. Өмір барысында жүзеге асыра алмаған қандай да бір әрекеттерін ойын барысында жүзеге асырып, өзіне көңілі толады. Ойын табысты болған сайын ойынға деген құмарлық арта түседі;
- тәуелділікке ұқсас берілу сезімі. Ойынқұмарлық та маскүнемдік, нашақорлық тәуелділіктері секілді адам өміріне қауіпті тәуелділіктің бір түрі;
- белгілі бір дәрежеде байқалатын психикалық ауытқу. Тіпті, психикалық ауытқуға ұшырамаған адамның өзі де ойынқұмарлық сияқты тәуелділікке ұшырайды.

Ең маңыздысы, баланың бойына үміт пен сенім ұялату арқылы жылы сезімдерді дамыту керек. Жасөспірімнің мінез-құлқын қадағалап отырып, оны анализдей білу де үлкен жетістікке жету жолы дер едім. Сонымен қатар, психологиялық орталықтар құру арқылы барлық білім беру саласында психологиялық қызмет жүйесін, ата-аналардың, педагогтардың, оқушылардың психологиялық сауаттылығын ашуды жолға қойған дұрыс [9].

Маскүнемдік пен нашақорлық секілді лудоманияның да өз кезеңдері болады:

**Бастапқы.** Бірінші көзқарас үшін ауыр емес көрінеді. Адам ойындарға тәуелді болады, ол адамда жаңа қызығушылықтар пайда болады: спорт ставкалары, интернет-казинодағы слоттар және т.б.

**Екінші.** Адам ойындарға тәуелді болады. Мысалы, казиноға ұзақ бармағанда адам тітіркенгіш, ашуланшақ болады. Бұл кезеңде ойынқұмарлықты емдеуді бастау ұсынылады.

**Үшінші.** Қорытынды кезең, адамның барлық назары ойынға жинақталады. Нәтижені күту екінші кезекте қалады, дәл солай отбасы, сүйікті іс, достар, жұмыс та артта қалады. Бастысы – ойынға қатысу, процесс [10].

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Тәжірибелік зерттеу жұмысының *мақсаты* жеткіншектерде ойынқұмарлыққа тәуелділіктің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін анықтау, оның алдын алу, түзету мәселесін теориялық тұрғыдан зерттеу және тәжірибе жүргізу. Зерттеу базасы анықталып, психологиялық диагностика жұмыстарының әдістері таңдалды. Зерттеуге барлығы 75 респондент қатысты, олар ер жынысты жасөспірімдер. Зерттеу кезіндегі жеткіншектердің орташа жасы 15,5 құрады. Зерттеуге вербальды диагностикалық әдістер таңдап алынды: «Интернетті қабылдау» Е.А. Щепилиннің сауалнамасы; Дембо-Рубинштейннің «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі; В. Столин және С. Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісі және «мен кіммін» әдістемесі.

**Нәтижелер:** Е.А. Щепилиннің «Интернетті қабылдау» сауалнамасы бойынша нәтижелер. «Интернетті қабылдау» шкалары бойынша, интернетке тәуелді және интернетке тәуелсіз жеткіншектердің ішінде айтарлықтай өзгерістер көрінеді. Интернет тәуелділердің көрсеткіштері келесідей шкалалар бойынша жоғары болып табылады (1-кесте).


#### 1-кесте – Интернет тәуелділердің көрсеткіштері

Факторлар	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ
Тәуелділік факторы	Жүйелік мәдениетке жататындар Мақсатсыз мінез-құлық Сенсорлық стимуляцияға қажеттілігі	Мақсатты мінез-құлық Сенсорлық стимуляцияға қажетсіздік
Интернетті қабылдау ерекшелігі	Интернетті шектен тыс қолдану қажеттілігі Интернеттегі қарым-қатынас қажеттілігі Интернетті шынайы өмірден жақсырақ деп қабылдау	Интернеттегі қарым-қатынас қажеттілігі маңызды емес. Интернетті шынайы өмірден жақсырақ деп қабылдамайды.
Құмарлықтың салдары	Интернеттегі уақыты Интернеттегі кеңістік Интернетті проективті шындық деп қабылдауы Вертуальды әлемнің нормаларын шынайы өмірге ауыстыруға тырысуы Интернеттің шынайы зат ретінде қабылдау	Интернетті проективті шындық деп қабылдамау Интернеттің шынайы зат ретінде қабылдамау

**Дембо-Рубинштейн әдістемесі.** Бұл әдістеменің де мақсаты өзінің өмірлік құрылымдары бойынша өзін-өзі бағалауын анықтауға бағытталған. Эксперимент еркін әңгімелесу түрінде өтеді, зерттелушімен жұмыс жеке жүргізіледі. Оның инструкциясы ретінде классикалық шкалалар ұсынылады.

1. Денсаулық шкаласы
2. Мінез шкаласы
3. Ақылдылық шкаласы
4. Бақыт туралы шкала
5. Өзін-өзі тану шкаласы.

Жұмыс барысы қағазға осы шкалаларды ұзынша сызық сызып зерттелушіге «Мына сызықтың бойында дүние жүзіндегі адамдар орналасқан делік, міне мына ең жоғарғысына ең денсаулығы мықтылар, ал мында төменде денсаулығы нашар адамдар (1-сурет).




1-сурет – Е.А. Щепилиннің «Интернетті қабылдау» сауалнамасы бойынша нәтижелер

Осылардың ішінде сіз қай жерде тұрмын деп ойлайсыз?». Түрлі-түсті қаламмен бірінші реалды түрде, екінші идеалды түріндегіні белгілейді. Мұннан соң алынған көрсеткіштерді нақтылау үшін әңгімелесу жүргізіледі. Әрбір шкала бойынша, осының нәтижесінде зерттелушінің өзі туралы пікірін, өзіндік бағалау ерекшеліктерін анықтауға болады (2-кесте, 2-сурет).

2-кесте – Дембо-Рубинштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша нәтижелері

Өзін-өзі бағалау	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ.
Өзін-өзі бағалау	<p><i>Төмен:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өзі-өзіне шынайы сенімсіздік;</li> <li>- өзі-өзіне жалған сенімсіздік есебінен «қорғаныс» мақсатында туындауымен түсіндіріледі.</li> </ul>	<p><i>Қалыпты:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-өз-өзіне сенімділік;</li> <li>-өзі-өзіне шынайы сенімділік себебінен «батылдыңтың» болуымен түсіндіріледі.</li> </ul>



2-сурет – Дембо-Рубинштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша нәтижелері

В.Столин және С.Пантिलееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісі. Өз-өзіне қатынасы шкаласы бойынша келесідей нәтижелер алынды:

1) Интернет-тәуелді және интернет-тәуелсіз жасөспірімдердің арасындағы «өзіндік Меніне» ( $P < 0,05$ ) қатынаста, интегралды өзгерістердің көрінуі болып табылады. Интернет-тәуелділердің көрсеткіштері әлдеқайда төмен, интернет-тәуелсіздерге қарағанда.


2) Өз-өзіне қызығушылығы бойынша, ауқымды айырмашылықтары байқалды. Өз-өзіне қатынастың ( $P < 0,05$ ) көрсеткішке ие болды. Өз-өзіне қызығу интернет-тәуелділерде айтарлықтай көрініп, интернет-тәуелсіздерге қарағанда.

3) Интернет-тәуелділер мен интернет-тәуелсіздердің арасындағы өз-өзіне кінәлау бойынша айтарлықтай өзгерістер бар ( $P < 0,05$ ). Интернет-тәуелділердің интернет-тәуелсіздіктерге қарағанда өз-өзін кінәлау шкаласы бойынша айтарлықтай жоғары.

4) Өз-өзіне қатысты іс-әрекеттің бір түрі ретінде, өз-өзіне қызығушылық деңгейі 1 және 2 топтардың ішінде өзгерістер болады ( $P < 0,05$ ). Интернет-тәуелсіздердің интернет-тәуелділерге қарағанда нақты өзіне бағытталған әрекет жоқ (3-кесте, 3-сурет).

3-кесте – В.Столин пен С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісінің нәтижелері

Өз-өзіне қатынасы	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ
Өз-өзіне қатынасы	«өзіндік Менін» төмен қолдауы;	«өзіндік Менін» жоғары қолдауы;
Өз-өзіне қызығушылығы	Өз-өзіне қызығушылығы төмен көрінуде;	Өз-өзіне қызығушылығы жоғары көрінуде;
Өз-өзін кіналау	Өз-өзін кіналау өте жоғары;	Өз-өзін кіналау өте төмен;
Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы	Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы аз көрінуде;	Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы мол көрінуде;



3-сурет – В.Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісінің нәтижелері

«Мен кімін» әдістемесі зерттелушінің өзін-өзі ұсынылуында өзін-өзі бағалауы ерекше орын алады. Сонымен бірге зерттелушінің өзіне деген қатынасын анықтауға көмектеседі. Бұл әдістемені беруге оны қолдануға ұсынғандардың бірі психолог У.Джемс болған еді. Бұл әдістеменің нұсқауы зерттелушінің жеке өзінше жұмыс жасауын талап етеді. Онда зерттелушіден 25 рет өзіне-өзі «мен кімін?» деген сұраққа жауап беруін сұрайды. Ол сұраққа бір сөзбен немесе сөйлем құралдарымен жауап бере алады. Бұл әдістеде зерттелушіге шек қойылмайды және зерттелуші жағынан ескертулер берілмейді. «мен кімін» әдістемесінің нәтижелерінің нақтылап төмендегідей топтармен сипаттауға болады.

1. Өлеуметтік топ (зерттелушінің жұмысы, жасы, ұлты, діні, мамандығы т.б.).
2. Сенімділік, еліктеушілік (философиялық, діндік, сенімі, саяси-моральды, этика-эстетикалық және т.б.).
3. Қызығушылық (еліктеуі, тырысуы, талаптануы, мақсатқа ұмтылуы, жету және т.б.).
4. Өзін-өзі бағалау (жеке адамның қасиеттерін сипаттауы).

Нәтижелерді қорытындылау үшін бір шама математикалық есептеулер қолданылады. Яғни, зерттелушінің жалпы жауаптарының ішінде қай топ үлкен санға ие болады, сол қасиеттер зерттелушінің өзіндік сипаттамасының мінездемесі болып табылады және өзін-өзі бағалауы, ұсынуы анықталады.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысы барысында жаңа ақпараттық технологиялармен және интернетті қолданушылардың тұлғалық өзгерістеріне бағытталған сұрақ қойылған болатын. Бұл мәселе жалпы өзекті болып табылады. Олар белсенді түрде әйгілі басылымдарда талқыланып, соңғы уақыттары танымал зерттеу аймағы ретінде белгілі. Жоғарыда айтылып кеткен психикалық функциялардың дамуының теориясы бойынша,

Л.С. Выготский және оның ізбасарлары А.П. Краковский т.б. зерттеулерінің нәтижелері бойынша, нақты психикалық процесстер мен нақты іс-әрекеттердің көрінісі тұлғаның өз-өзін өзектендіру процесі кезінде өзгерістерге ұшырайтындығына көзіміз жетті [11,12].

Алынған нәтижелерді талдай келе, интернет-аддиктілердің арасындағы шизоидті акцентуациясының көп болуы, жүйедегі әрекеттерді ерекшеліктеріне байланысты және шынайлықтан кету шизоидті типтерге тән болады деген қорытындыға келеміз. Истероидті акцентуациялы типті көптеген тұлғалар әрдайым көздің назарында болғысы келеді және өзінің қабілеттерін көрсеткісі келеді. Бұл истеродті жасөспірімдердің фрустрациялы қажеттіліктерішынайы өмірде қанағаттандырылып, олар өзіндікистероидтіқабілеттерін виртуалды әлемде көрсетеді. (мысалы: бұл чаттардағы таныстық, жән т.б). Мінез-құлық ерекшеліктеріннен интернет-аддиктер, химиялық тәуелділігі бар жасөспірімнен айырмашылықтары бар және гипертимді, тұрақсыз, эпилептонді және истериодті типті акцентуациялы болып табылады [13,14].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ойынқұмарлықтан арылу және емделу үшін ең алдымен сол адамның өз қалауы мен еркі болуы керек екенін айтады. Егер өзі қалап тұрмаса, оның бетін бері қарату қиын. Дегенмен, бұл жазылмайтын ауру, шешілмейтін түйін емес. Калифорнияның ойынқұмарлық проблемалары жөніндегі кеңесі бұл тәуелділіктен арылу үшін ең бастапқы қадамдар ретінде мынадай ұсыныстарын жасаған:

1. Ойынға қанша қаражатыңды және уақытыңды жұмсайтыныңды алдын ала шешіп ал;
  2. Қазір ұтамын деп емес, ұтыламын деген сеніммен ойна;
  3. Құмар ойынды табыс көзі емес, көңіл көтеру ретінде сана;
  4. Егер қандай да бір ұтысқа қол жеткізсең, қуан, бірақ мұндай олжа енді қайталанбауы мүмкін екенін өз есіңе сал;
  5. Шаршап, көңілсіз немесе ашуланып тұрғанда ойнама;
  6. Құмар ойынға қанша уақытың мен ақшаңды жұмсағаныңды тұрақты түрде жазып жүр;
  7. Достарыңның көзқарасына көңіл аудар. Егер олар сенің ойыныңды ұнатпаса, олар сен көрмеген бір себепті көріп тұр;
  8. Тек өз ақшаңа ойна. Қарыз алма;
  9. Құмар ойын белгілі бір заңға бағынбайтынын, ұтыс кездейсоқ болатынын және сен оған әсер ете алмайтыныңды есіңде ұста;
  10. Ойын арасында үзіліс жасап, көшеге шығып жүріп қайт;
  11. Ойын барысында спиртті ішімдік ішпе, санаң сау болсын;
  12. Құмар ойын мен басқа да демалыс түрлерін тең ұстауға тырыс;
  13. Құмар ойынға барғанда қасыңда ойынқұмарлыққа салынбаған досың болғаны жөн;
  14. Ұтылыстың орнын толтырамын деп жағдайды қиындатпа;
  15. Құмарлыққа қатты беріліп бара жатсаң, өзің сенетін адамдармен ақылдас...
- Жоғарыда айтылғандай, бұлар – лудоманиядан арылу үшін ең бастапқы қадамдар. Егер мұның пайдасы болмаса, дереу психолог мамандардың көмегіне жүгінген жөн. Өйткені ойынқұмарлық – нашақорлық, маскүнемдік секілді салдары өте ауыр дерт [15].

#### Әдебиеттер:

- [1] **Кон, И.С.** Психология юношеского возраста. – М.,1979. – С. 93.
- [2] **Бурменская, А.В.,** Карабанова С.А., Лидерс А.Г. Возрастно-психологическое консультирование /Проблемы психического развития детей. – М., 1990. – С.56.
- [3] **Обухова, Л.Ф.** Возрастная психология. – М., 2004. – С.76.
- [4] **Бернс, Р.** Развитие «Я-концепции» и воспитание. – М., 1986. – С.98.
- [5] **Асеев, В.Т.** Мотивация поведения и формы поведения личности. – М., 1976. – С.76.
- [6] **Бехтерев, В.М.** Психология взросления. – М., 1999. – С.65.

- [7] **Айви, А.**, Айви М.Б. Сайсег-Даунинг Л. Консультирование и психотерапия. Сочетание методов, теории и практики., 2000 – С.75.
- [8] **Кравцова, Е.Е.**, Нурахонова А.А. Как помочь детям преодолеть трудности в поведении. – Минск,1990. С.24-57.
- [9] Жағымсыз әдеттердің алдын алу мәселесі. Жантану негіздері №5., 2010. – С.3-6
- [10] **Фромм, Э.** Бегство от свободы/Исследование природы любви /Пер. с англ. – Г.Ф.Швейника /Общ.ред. П.С.Гуревича. – М., 1990. –160 б.
- [11] **Выготский, Л.С.** Нетрадиционная педагогика. – Москва, 1995.
- [12] **Краковский, А.П.** Психотерапия и психопрофилактика аддиктивного поведения у подростков. – М., 1996. С.89-124.
- [13] **Нұрғаева, Г.** Ұлттық ойынды пайдалану. Бастауыш мектеп, 2002
- [14] **Туленова, У.** Ойын тәрбие құралы. Бастауыш мектеп, 2002
- [15] **Тәжібаев, Т.** Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағарту ісі мен педагогикалық ойдың дамуы. – Алматы: Мектеп, 1958. – Б.24-25.

### References:

- [1] **Kon, I.S.** Psihologiya yunosheskogo vozrasta. – М.,1979. – S. 93. [in Russian]
- [2] **Burmenskaya, A.V.**, Karabanova SA., Lidere A.G. Vozrastno-psihologicheskoe konsul'tirovanie /Problemy psihicheskogo razvitiya detej. – М., 1990. – С.56. [in Russian]
- [3] **Obuhova, L.F.** Vozrastnaya psihologiya. – М., 2004. – С.76. [in Russian]
- [4] **Berns, R.** Razvitie «YA-koncepcii» i vospitanie. – М., 1986. – С.98. [in Russian]
- [5] **Aseev, V.T.** Motivaciya povedeniya i formy povedeniya lichnosti. – М., 1976. – С.76. [in Russian]
- [6] **Bekhterev, V.M.** Psihologiya vzrosleniya. – М., 1999. – С.65. [in Russian]
- [7] **Ajvi, A.**, Ajvi M.B. Sajseg-Dauning L. Konsul'tirovanie i psihoterapiya. Sochetanie metodov, teorii i praktiki., 2000 – С.75. [in Russian]
- [8] **Kravcova, E.E.**, Nurahonova A.A. Kak pomoch' detyam preodolet' trudnosti v povedenii. Minsk, 1990. S.24-57. [in Russian]
- [9] ZHagymsyz adetterdin aldyn alu maselesi. ZHantanu negizderi №5., 2010. – С.3-6 [in Kazakh]
- [10] **Fromm, E.** Begstvo ot svobody / Issledovanie prirody lyubvi /Per. s angl. – G.F.SHvejnika /Obshch.red. P.S.Gurevicha. – М., 1990. – 160b. [in Russian]
- [11] **Vygotskij, L.S.** Netradicionaya pedagogika. – Moskva, 1995. [in Russian]
- [12] **Krakovskij, A.P.** Psihoterapiya i psihoprofilaktika addiktivnogo povedeniya u podrostkov. – М., 1996. S.89-124. [in Russian]
- [13] **Nurgaeva, G.** Ulttuq ojyndy pajdalanu. Bastauysh mекteп, 2002 [in Kazakh]
- [14] **Tulenoвa, U.** Ojyn tarbie quraly Bastauysh mекteп, 2002 [in Kazakh]
- [15] **Tazhibaev, T.** Qazaqstanda ХІХ gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy agartu isi men pedagogikalyq ojdyn damuy. – Almaty: Mекteп, 1958. – B.24-25. [in Kazakh]

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЗАВИСИМОСТИ ПОДРОСТКОВ ОТ ГЕМБЛИНГА

**Казиев К.О., Ph.D**  
**Наденов Г.Ж., магистрант**

*Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан*

**Аннотация.** Сегодня негативные формы страсти вызывают у наших подростков тревогу. Ссоры и неуместные ссоры в семье влияют на психику ребенка, недоразумения в семье вызывают у подростка негативные эмоциональные состояния.

Страсть-это сильная, глубокая, стойкая эмоция, которая оставляет глубокий след в основном направлении мыслей и действий человека. В психологической науке мы разделяем страсть на две части: интерес к искусству и образованию, к труду относится к типу положительной страсти, мирская страсть, страсть, игривость-к типу отрицательной страсти. Великий казахский поэт Абай хорошо проявил психологическую природу страсти: Великий

казахский поэт Абай хорошо проявил психологическую природу страсти: «Страсть несет в себе ответственность, порождает обязанность, возлагает долг, долг налагает труд, труд это есть путь, открывающийся к науке и искусству».

Ослабляя волю человека, лишая его силы и разрушая его психику, он, безусловно, испытывает негативные страсти. Негативные страстные действия также возникают у детей из семей с высоким социальным статусом. В основном, подростки, с какой бы стороны они ни были, имеют слабый характер, в них присутствует социальный бархатистость. Это связано с тем, что у них еще не полностью завершен процесс взросления, подростки не могут глубоко понять многие проблемы и впадают в негативные типы интересов из-за слабой системы ценностей. Негативные действия в воспитании усиливают слабое сопротивление, а наказания, применяемые родителями, создают эмоциональную неустойчивость в настроении подростка, а его интерес сменяется азартными играми.

В статье выявлены психологические особенности игровой зависимости подростков и представлены результаты экспериментальной исследовательской работы.

**Ключевые слова:** зависимость, игровая страсть, подростковый возраст, кризис, мотив, чувства, эмоции.

## PSYCHOLOGICAL FEATURES OF TEENAGERS' GAMBLING ADDICTION

**Kaziev K.O.**, PhD

**Nadenov G.Zh.**, Master's student

*Atyrau University named after H. Dosmukhamedov, Atyrau city, Kazakhstan*

**Annotation.** Today, negative forms of passion cause anxiety in our teenagers. Quarrels and inappropriate quarrels in the family affect the child's psyche, misunderstandings in the family cause negative emotional states in a teenager.

Passion is a strong, deep, persistent emotion that leaves a deep mark on the main direction of a person's thoughts and actions. In psychological science, we divide passion into two parts: interest in art and education, work belongs to the type of positive passion, worldly passion, passion, playfulness-to the type of negative passion. The great Kazakh poet Abai well demonstrated the psychological nature of passion: "Passion carries responsibility, gives rise to duty, imposes duty, duty imposes work, work is the path that opens to science and art."

Weakening a person's will, depriving him of strength and destroying his psyche, he certainly experiences negative passions. Negative passionate actions also occur in children from families with high social status. Basically, teenagers, from whatever side they are, have a weak character, there is a social velvet in them. This is due to the fact that they have not yet fully completed the process of growing up, teenagers cannot deeply understand many problems and fall into negative types of interests due to a weak value system. Negative actions in education strengthen weak resistance, and punishments applied by parents create emotional instability in the mood of a teenager, and his interest is replaced by gambling.

The article identifies the psychological features of adolescent gambling addiction and presents the results of experimental research work.

**Keywords:** addiction, gambling passion, adolescence, crisis, motive, feelings, emotions.

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ерментаева А.Р.**, психология ғылымдарының докторы, профессор  
[erasem@mail.ru](mailto:erasem@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-6860-384X>

**Тилеуова А.**, магистрант  
[aigultileuova@mail.ru](mailto:aigultileuova@mail.ru)

*Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті білім алушылардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде білім алушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – кәсіби даярлықтың аса маңызды бөлігі, сондықтан оны жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық үдерісте мақсатты түрде жүзеге асыру қажет.

Қарым-қатынас мәдениетіндегі осындай көзқарастар кезеңінде зерттеулердің келесі қисынды кезеңі үдерісте қарым-қатынас мәдениетін дамыту болып табылады. Сондықтан, біз білім алушылардың қарым-қатынас мәдениетін ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде қалыптастыру жағдайын қарастырамыз. Білім алушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру - бұл педагогикалық үдеріс. Олар қызметте бірлескен, ынтымақтастықпен, оның шығармашылығымен, мәдени мазмұнмен, қарым-қатынас ережелерін игеру әдістерімен сипатталады, ортада тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал етеді. Білім беру үдерісінде тұлғалардың іс-әрекетіне бағытталған педагогикалық міндет білім алушылардың бойында ізгілік, құрмет көрсетуге, ұйымшылдықты, еңбексүйгіштікті, адамдық қадір-қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті білім алушылардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас – бұл жолдастық, достық пен ұлттық рухты, сананы, сүйіспеншілік, адамгершілік табысқа жету және т.б. адами қатынастардың құрудағы өзара әрекеттесуді қамтитын адами қатынастардың күрделі түрі. Жеке тұлға қарым-қатынас процесінде біреуге ұқсау, үлгі ету, өнеге алу, үйрену, ортақ сезімдес, сәйкестендіру арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді.

**Тірек сөздер:** ұлттық құндылық, тәрбие, сана, тұлға, мінез, қарым-қатынас.

**Кіріспе.** Ұлттық құндылықтар туралы оқып үйрену, оны өмірге ендіруді басты мақсат етіп қою маңызды міндет деп бағалаймыз. Ол үшін жоғары оқу орындарында ұлтымыздың ерекшелігіне, тарихына, қарым-қатынас мәдениетіне, өміріне, салт-дәстүрлеріне, тұрмыс тіршілігіне, отбасы тәрбиесіне сай, қарастырылып шығарылған бағдарламалар, төлтума оқулықтар, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттер кеңінен пайдаланылуы тиіс [1, 2].

